

«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті»
Коммерциялық емес Акционерлік Қоғамы

ӘОЖ: 618.175:577.161.2:616-053.6

Қолжазба құқығында

ДОНАЕВА АЙНҰР ЕРГАЛИҚЫЗЫ

Жасөспірім қыз балалардың біріншілік дисменорея кезіндегі D дәрумені деңгейімен және оның VDR генінің полиморфизмімен байланысы

8D10102– Медицина

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми жетекші
PhD., қауымдаст. проф.
А. Аманжолқызы

Шетелдік ғылыми кеңесші
MD, проф.
Ibrahim A. Abdelazim(Египет)
MD, PhD., проф.
Edgaras Stankevicius
(Литва, Каунас)

Қазақстан Республикасы
Ақтөбе, 2023

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР	3
АНЫҚТАМАЛАР	5
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР	10
КІРІСПЕ	12
1 БІРІНШІЛІК ДИСМНОРЕЯ АНЫҚТАЛҒАН ЖАСӨСПІРІМ ҚЫЗ БАЛАЛАРДАҒЫ D ДӘРУМЕНИ МЕН VDR ГЕНІНІҢ ПОЛИМОРФИЗМІНІҢ РӨЛІ (ӘДЕБИЕТТІК ШОЛУ)	16
1.1 Біріншілік дисменорея: таралу жиілігі, соңғы заманауи ілімі	16
1.2 Біріншілік дисменореяның этиопатогенетикалық ерекшеліктері	19
1.3 Біріншілік дисменореяның клинико-диагностикалық ерекшеліктері	21
1.4 Біріншілік дисменореяны анықтаудың жаңа тәсілдері: біріншілік дисменореяның этиопатогенезіндегі D дәруменінің жеткіліксіздігінің рөлі	23
1.5 Стероидты гормондардың (эстрадиол, прогестерон) біріншілік дисменорея ағымына әсері	27
1.6 Біріншілік дисменорея кезіндегі генетикалық факторлардың әсерлері	29
2 ЗЕРТТЕУ ОБЪЕКТІСІ МЕН ӘДІСТЕРІ	31
2.1 Зерттеуге алынған топтарға сипаттама	31
2.2 Зерттеудің объектісі мен дизайны	31
2.3 Зерттеудің негізгі клиникалық сатысы	33
2.4 Етеккір циклы кезіндегі ауырсынуды бағалау- ВАШ	34
2.5 Лабораторлы зерттеу әдістері	36
2.6 Генетикалық зерттеу әдісінің сипаттамасы	37
2.7 Статистикалық талдау	37
3 ЗЕРТТЕУДЕН АЛЫНҒАН НӘТИЖЕЛЕР	40
3.1 Екі топ арасындағы физикалық дамуы, D дәрумені, прогестерон мен эстрадиол гормондар деңгейі бойынша көрсеткіштердің жалпы сипаттамасы және салыстырмалы талдауы	40
3.2 D дәрумені деңгейімен физикалық даму көрсеткіштері, гормондар жағдайы және ВАШ арасындағы корреляциялық талдау	49
3.3 Екі топ арасындағы D дәруменінің деңгейіне байланысты VDR генінің генотиптері бойыншы талдау	53
3.4 VDR генінің GEN- expert нәтижелері	57
3.5 Біріншілік дисменореяны диагностикалаудағы болжам моделі ретінде шешім ағашын құру	59
4 ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІН ТАЛҚЫЛАУ	64
ҚОРЫТЫНДЫ	78
ТӘЖІРИБЕЛІК ҰСЫНЫСТАР	79
ПАЙДАЛЫНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	80
ҚОСЫМША А – Пайдалы модельге патент	95
ҚОСЫМША Ә – Авторлық куәлік	96
ҚОСЫМША Б – Енгізу актілері	98

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер көрсетілген:

Қазақстан Республикасының Заңы. Ғылым туралы: 2011 жылдың 18 ақпанда, №407-IV қабылданған (31.03.2021 ж. өзгертулер мен толықтырулармен)

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрығы. Білім берудің барлық деңгейлерінде мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы: 2018 жылдың 31 қазанда, №604 бекітілген (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 1 қарашада №17669 болып тіркелді).

МЕСТ 7.32-2017. (Халықаралық стандарт). Ақпараттық, кітапхана және баспа ісі жөніндегі стандарттар жүйесі. Ғылыми зерттеу жұмысы жөніндегі есеп. Құрылымы мен рәсімделу ережелері.

МЕСТ 5.101-98. (Халықаралық стандарт). Өнімдерді әзірлеу және іске қосу жүйесі. Ғылыми зерттеу жұмыстарын орындау тәртібі.

МЕСТ 8.417-2002. Өлшем бірлігін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесі. Шамалардың өлшем бірліктері.

МЕСТ 7.1-2003. Ақпарат, кітапхана ісі және баспа ісі бойынша стандарттар жүйесі. Құжаттың библиографиялық сипаттамасы. Жобалауға қойылатын жалпы талаптар мен ережелер.

МЕСТ 7.12-93. Ақпарат, кітапхана және баспа ісі жөніндегі стандарттар жүйесі. Библиографиялық жазба. Орыс тілінде сөздерді қысқарту. Жалпы талаптар мен ережелер.

МЕСТ ISO 9001-2011 (ISO 9001:2008) – (Халықаралық стандарт). Инвитро зертханасы ISO медициналық зертханалардың 15189:2012 стандарттарына жауап беретін менеджмент жүйесінің сапасы. Жалпы талаптар.

МЕСТ 7.54-88 - Ақпараттық, кітапхана және баспа ісі жөніндегі стандарттар жүйесі. Ғылыми-техникалық құжаттары мен материалдардың қасиеттері жөніндегі сандық деректерді таныстыру. Жалпы талаптар.

Қазақстан Республикасының Заңы. Білім туралы: 1999 жылдың 7 маусымы, №389-І қабылданған.

Қазақстан Республикасының Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы: 2009 жылдың 18 қыркүйекте, №193-IV қабылданған (2011 жылғы 19 қаңтардағы өзгерістермен).

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а бұйрығы. Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандарын бекіту туралы: 2010 жылдың 23 қарашада, №907 бекітілген (28.06.2012 ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен).

«Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 8 Тамыз 2002 ж № 345-ІІ.ҚР МЗК 2020 жылғы 15 желтоқсандағы №ҚР DSM-264/2020 «Бекітілген ережелер профилактикалық медицина қоғамдар қауымы халыққа қызмет көрсет, балаларды жұмыспен

қамту, сондай-ақ балаларды ұйымдастыру».

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің «дисменорея диагностикасы мен емі» «30» маусым 2020 ж №109 бұйрыққа қосымша.

АНЫҚТАМАЛАР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі терминдерге сәйкес анықтамалар қолданылған:

Ауырсыну –денеге ішкі мүшелерден немесе сырттан қолайсыз тітіркендіргіш әсер еткенде туындайтын жан құбылысының жағдайы.

Алғашқы статистикалық деректер – статистикалық нысандарда алынған немесе тіркелген деректер.

Анаболизм – биосинтез немесе конструктивті метаболизм, клетканың қор заттары және құрылымдық элементтерінің биосинтез реакцияларының жиынтығы.

Аллельдер – (грек тілінен аударғанда бірге) белгілі бір белокты бақылайтын, гомологиялық хромосоманың бірдей бөліктерінде (локустарында) орналасқан геннің әртүрлі түрлері. Аллельдер арасындағы айырмашылық мутациямен шартталған.

Біріншілік дисменорея - кіші жамбас қуысында органикалық бұзылыс анықталмаған кезде етеккір алғашқы 72 сағатында ауырсырудың анықталуы.

Геннің экспрессиясы – ағзаның негізгі жасушаларының ақуыздары мен полипептидтеріне ДНҚ-нан РНҚ арқалы генетикалық мәліметтерінің тасымалдануы.

Ген – тұқымқуалаушылықтың элементарлы қарапайым бірлігі, ағзаның физиологиялық қызметін немесе қасиетін анықтайтын және ата-анасынан ұрпақтарына берілуі мүмкін тұқымқуалаушылық материалының ең аз бөлінбейтін элементі болып табылады.

Геннің полиморфизмі – геннің, сонымен бірге оның аллельді түрлерінің нуклеотидті жүйелігінің саналуандығы.

Генотип – гомологиялық хромосомаларда орналасқан, генетикалық нұсқаларының (аллельдерінің) бірігуі.

GEN-expert – "Жағдай-бақылау" зерттеулеріндегі генетикалық статистиканы есептеуге арналған GEN-expert онлайн калькуляторы.

Гетерозиготалы – гомологиялық хромосомалардың сәйкес келетін локустарындағы әртүрлі аллельдердің генетикалық нұсқасы.

Гомозиготалы – гомологиялық хромосомалардың сәйкес келетін локустарындағы бірдей аллельдердің генетикалық нұсқасы.

Гормондар – қоздырамын, қозғаймын — эндокринді бездер немесе эндокриндік қызметке қабілетті жекеленген жасушаларға бөлетін белсенді органикалық биологиялық заттар.

Диагностика – анықтауға іздестіруге және анықтауға арналған теория, әдістер және жабдықтар туралы ілім.

Диагноз – тексерілетін адамның денсаулығының патологиялық жағдайы туралы медициналық қорытынды.

Денсаулық – биологиялық (іштен туа біткен және жүре пайда болған сырқат белгілеріне қарап) және әлеуметтік факторларды ескере отырып, кешенді түрде анықтайды.

Етеккір – әйел адамдардың жатырының эндометрий қабатының жаңару үдерісінен қанды бөліністің болуы.

Етеккір циклі – деп менструацияның бірінші күні мен келесі етеккірдің алдындағы соңғы күннің аралығын атайды.

Екіншілік дисменорея – кіші жамбас қуысында органикалық бұзылыс анықталуымен жүретін етеккірдің ауырсынуымен келуі.

Жасөспірім кезең – адамда жан қуатының сапалық жаңа құрылымдары (жыныс мүшелерінің жетілуі, сана-сезімнің артуы, айналасымен қарым-қатынасының жаңа мазмұнға ие бола бастауы, іс-әрекетінің күрделене түсуі, моральдік-этикалық түсініктер.

Жасөспірімдер – ДДҰ анықтамасы бойынша 10-19 жас аралығындағы адамдар (ерте жасөспірімдік шақ - 10-14 жаста; кеш жеткіншек – 15 -19 жас).

Жастар – он төрт жастан жиырма жасқа дейінгі Қазақстан Республикасының азаматтары.

Жасуша нысаны - гормон арқылы бөлінетін сұйықтықты нәруыз - рецептормен байланысуы.

Жауап – түйіндегі бақылаулардың жалпы санынан берілген түйін үшін мақсатты санаттағы бақылаулардың пайызы.

Жыныстық даму (жыныстық жетілу) - дәл интеграцияның нәтижесі және барлық деңгейдегі эндокриндік құрылымдардың үйлесімді реттелуі: гипоталамус, аденогипофиз және жыныс бездері, екіншілік жыныстық белгілердің дамуына әкеледі.

Индекс – түйіндегі жауаптың жалпы үлгідегі жауапқа қатынасы. Берілген түйіндегі мақсатты мән жоғары (>100%) немесе төмен (<100%) тәуекел екенін анықтайды.

Катаболизм –энергетикалық метаболизм, бейорганикалық және органикалық қосылыстардың тотығу реакцияларының жиынтығы.

Пайда, N – мақсатты санатқа жататын берілген түйіндегі бақылау бірліктерінің саны.

Пайда, % – Үлгідегі мақсатты санаттың жалпы көлемінен берілген түйін үшін мақсатты санаттағы бақылаулардың пайызы.

Псевдорандомизация әдісі – (бейімділік баллының сәйкестігі - PSM) - зерттеуде топтарды салыстыру кезінде нәтижелерді бұрмалайтын әртүрлі факторлардың әсерін жоюдың тиімді әдісі.

Патогенез – аурудың даму механизмін, ағымын және нәтижесін зерттейтін ғылым.

Патологиялық реакция – организмнің немесе оның жеке жүйелерінің тітіркендіргіштердің әсеріне адекватты емес реакциясы.

Патология - бұл қалыптыдан ауытқыған жағдай.

Қалыпты таралу - бұл мәндердің көпшілігі диапазонның ортасында кластерленген, ал қалғандары симметриялы түрде кез келген экстремалды конусты болатын деректер жиынтығының орналасуы.

Қан – ағзаның сұйық байланыс тіні арқылы қалыптасқан ішкі ортасы.

Қан сарысуы — қанның сұйық бөлігі. Ол организмнен тыс ұйыған

қаннан бөлініп алынады. Құрамы жағынан қан плазмасына ұқсас, бірақ сарысуда фибриноген болмайды.

Конфаундер – нәтижелерін, бұрмалануы мүмкін фактордың әсер ету бағыты мен өлшемнің есептелген және нақты мәні арасындағы айырмашылықтары.

Колмогоров-Смирнов критерий – сынақ үлгінің байқалған таралуы мен теориялық таралу арасында салыстыру қажет болған жағдайларда қолданылады.

Полимеразды тізбекті реакция (ПТР) – бұл молекулалық биологияның эксперименттік әдісі, ол биологиялық үлгіде кейбір нуклеин қышқылының фрагменттерінің (НК) төмен концентрациясының едәуір жоғарылауына мүмкіндік береді.

Полиморфизмнің қалыпты нұсқасы – басқа нұсқалардың ізашары болып табылатын, популяция ауқымында кеңінен таралған полиморфизм нұсқасы.

Полиморфизмнің мутантты нұсқасы – қалыпты нұсқаның өзінің ізашарына байланысты дамиды мутацияға келтірілген полиморфизм нұсқасы.

Медиана – элементтердің орташа мәні болып табылады және таралудағы орташа мәнді білдіреді.

Метаболизм – тіршілік қабілетін сақтау және сыртқы ортамен қарым-қатынасын, организмге қоректік заттардың еніп, олармен ферменттер әсерінен ыдырауын, пайда болған жай заттардың жасушалар мен мүшелерге тасымалданып, олардың тотығуын, энергия бөлініп шығуын, жасуша құрамындағы түзілістердің биосинтезделуін және қорытылған өнімдердің организмнен бөлініп шығуын қамтамасыз етуі.

Метаболизмдік жол – жасушадағы қандай да болса, бір заттың белгілі бір тәртіппен ферменттік айналуға түсуі.

Метаболиттер – метаболизм нәтижесінде пайда болатын аралық өнім деп аталады.

Регрессиялық сенімділік аралығы – екі фактордың жақындығын анықтау тәсілі болып табылады және бағалаудың дұрыстығын тексеру үшін қолданылады.

Репродуктивті денсаулық – бұл жүкті болу мен босану қабілетін, жыныстық жолмен берілетін аурулардың қауіпсіз жыныстық қатынасқа түсу мүмкіндігін сипаттайтын толық физикалық, психикалық және әлеуметтік жағдай, жүктіліктің, босанудың қауіпсіздігінің кепілі, баланың өмірі мен денсаулығы, ананың амандығы, келесі жүктілікті жоспарлау мүмкіндігі, оның ішінде қажетсіз жүктіліктің алдын алу.

Репродуктивті жүйе – бұл биологиялық түрді көбейтуге бағытталған ағзадағы мүшелер мен процестердің жиынтығы.

Репродуктивті потенциал – физикалық және психикалық деңгей әлеуметтік жетілу кезінде сапаны анықтайтын ұрпақтың денсаулығы.

Респондент – статистикалық әдіснамаға сәйкес статистикалық байқау объектісі бойынша деректерді ұсынатын жеке немесе заңды тұлға және оның

құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері;

Респонденттердің алғашқы статистикалық деректерді ұсыну графигі – респонденттердің тобы, статистикалық байқаулардың атаулары, респонденттердің алғашқы статистикалық деректерді ұсыну кезеңділігі мен мерзімдері және алғашқы статистикалық деректердің жиналған мәліметтері.

Ремиссия – аурудың дамуын бәсеңдету немесе тоқтату, ішінара кері даму немесе клиникалық көріністердің толық жойылуымен көрінетін науқас жағдайының уақытша жақсаруы.

Модельдеу – адамның іс жүзінде ауру туралы идея жасауы.

Мультипликативті теория – бір мезгілде болатын екі тәуелсіз оқиғаның ықтималдығы олардың жеке ықтималдықтарының көбейтіндісі арқылы анықталатынын айтады.

Овуляция фазасы – фазаның басында жетілген анализ без арқылы фолликуллардың жарылуы.

Лютеинді фазасы – бос фолликулдың орнында прогестерон гормонын өндіретін лютеум қалыптасу фазасы.

Статистикалық ақпарат – алғашқы статистикалық деректерді және деректерді өңдеу процесінде алынып, біріктірілген деректер.

Статистикалық әдіснама – статистикалық қызметте пайдаланылатын, белгіленген тәртіппен бекітілген ғылыми негізделген амалдардың, тәсілдер мен әдістердің жиынтығы.

Симптом – бұл ауруды диагностикалау және болжау үшін қолданылатын сау денеге тән емес аурудың белгісі.

Синдром – бір патогенезі бар бірқатар белгілердің (симптомдық кешен) тұрақты үйлесімі.

Толық СШАID – бұл санаттар тек екі санат қалғанға дейін және жалпы минималды р-мәніне жеткенге дейін әртүрлі комбинацияларда біріктірілетін СШАID түрі.

Түйін-үл (еншілес түйін) – бөліну нәтижесінде пайда болған жаңа түйіндер.

Түйін-әке (ата-ана түйіні) – бөлінген түйін.

Терминал түйіндері (жапырақтары) – болашақта сынбайтын соңғы түйіндер.

Түйін нөмірі – ағаш диаграммасында түйінді табу үшін пайдаланылады.

Түйін, N – бақылау бірліктерінің саны.

Түйін, % – Бастапқы үлгідегі осы түйіндегі адамдардың пайызы.

Хромосома – гендердің тасымалдаушысы болып табылатын жасуша ядросының құрамдас бөлігі. Хромосоманың негізінде сызықты ДНҚ молекуласы болады.

Хи-квадрат үлестірімі – стандартты қалыпты кездейсоқ шамалардың квадраттарының қосындысының таралуы.

Шешім ағашы / жіктеу ағаштары (Decision Tree / Classification Tree) – бір тәуелді айнымалының бірнеше тәуелсіз айнымалылармен байланысын зерттеу әдісі. Шешім ағашы (decision tree) - бұл иерархиялық, дәйекті

құрылымдағы деректерді ұсыну тәсілі, мұнда әр объект шешім беретін жалғыз түйінге сәйкес келеді.

Фолликулярлы фаза - етеккірдің бірінші күнінен басталатын цикл. Бұл кезеңде аналық безде фолликулалар пісіп жетіледі.

Экзон – бұл, негізгі геннің нәруызды өнімінің аминқышқылды тізбегін кодтайтын, геннің фрагменті.

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

АҚ	– Акционерлік қоғамдастық
БД	– біріншілік дисменорея
БҰҰ	– біріккен ұлттар ұйымы
БМ	– биохимиялық маркер
БМ	–білім министрлігі
БҚМУ	– Батыс Қазақстан медицина университеті
ВАШ	– визуалды аналогтық шкала
VDR	– D дәруменінің рецепторы
VRS	– вербалды бағалау шкаласы
ГА	– генитальды аурулар
ГМӨ	– гендік модификация өнімдері
ГМ	– генетикалық маркер
г/тәу	– тәулігіне/1грамм
г/л	– тәулігіне/1литр
ҒЗЖ	– Ғылыми-зерттеу жұмысы
ЖММК	– жоғары мамандандырылған медициналық көмек
ДНҚ	– дезоксирибонуклеин қышқылы
ДСМ	– денсаулық сақтау министрлігі
ДСИ	–дене салмағының индексі
D 15	–дегидрогеназа
k	– тәуелсіз стандартты
ҚМПА	–Қазақстанның жыныстық және репродуктивті денсаулық жөніндегі қауымдастығы
ҚР	–Қазақстан Республикасы
ҚР БҒМ//ҚР БжҒМ	–Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі.
ҚФ	– қауіп факторы
ИФТ	– иммуноферменттік талдау
М	– орташа арифметикалық
НҚ	– нуклеинді қышқыл
NRS	–сандық бағалау шкаласы
ПК	–пубертантты кезең
ПТР	–полимеразды тізбекті реакция
PSM	– псевдорандомизация әдісі, бейімділік балл сәйкестігі
PG	– простагландиндер
РНҚ	–рибонуклеинды қышқыл
SD	– стандартты ауытқу
СИ	–сенімділік интервалы
T/T	–БД даму қауіпі табылмаған, полиморфизмнің қалыпты нұсқасы

T/C	– БД даму қаупі, полиморфизмнің гетерозиготалы генотип, аллельдердің екі жұбының бірінде мутацияның табылуы
C/C	–БД даму қаупі, полиморфизмнің гомозиготалы генотипі, мутация екі жұптастырылған аллельдерінде табылуы
CHAID	– (Chi Squared Automatic Interaction Detection) – көп өлшемді түйіндерді бөлуге мүмкіндік береді
QUEST	–(Quick, Unbiased, Efficient Statistical Tree) - жақсартылған талдау опцияларын пайдаланатын және ол құрастыратын жіктеу ағаштарының сенімділігі мен тиімділігін арттыру үшін бірқатар жаңа құралдарды қамтитын екілік жіктеу ағаштары бағдарламасы
CRT	– (Classification and Regression Trees) бір өлшемді тармақталудың барлық мүмкін нұсқаларының толық таңдауын қамтитын жіктеу ағаштарының бағдарламасы
ТБА	–туа біткен ақаулар
UNFPA	–Біріккен Ұлттар Ұйымының Халық қоры
<20 нг/мл	–тапшылық
20-30	–жеткіліксіздік
30-100	–адекватты деңгей
> 100	–уытты әсер
ФЖ	–функционалды жағдай
ФрЖ	–фертильды жас
ХКД	–Халықаралық код диагнозы
Х2	–Хи-квадрат үлестірімі
цАМФ	– аденозинмонофосфатпен
ЦОГ	–циклооксигеназа
ЭГА	–экстрагенитальды аурулар

КІРІСПЕ

Мәселенің өзектілігі

Ұлт болашағы ең алдымен, жасөспірімдердің денсаулығымен, олардың ұрпақты болу қабілетімен анықталады. Жасөспірімдердің репродуктивті денсаулығының жай-күйі қазіргі уақытта мамандар арасында ғана емес, сонымен қатар қоғамда талқыланатын мәселе болып табылады. Пубертатты кезең, ағзаның жыныстық жетілуінің қалыптасу кезеңі ретінде, әрбір әйелдің репродуктивті жүйесінің қалыптасуында маңызды орын алады және көп жағдайларда қыз балалардың жыныстық жетілу кезеңіндегі үйлесімділігі мен дамуына тікелей байланысты. Соңғы он жылдықтағы шолу мәліметтері денсаулық көрсеткішінің айқын қолайсыз тенденцияларымен қатар, жасөспірім қыз балалар арасындағы маңызды өзгерістердің байқалғанын көрсетеді, өйткені бұл көп жағдайда теңгерімсіз физикалық жүктемемен, созылмалы стресс және халықтың өз денсаулығына қатысты сауатсыздығы тәрізді түрлі факторлармен байланысты.

Жасөспірім қыз балалардың репродуктивті қызметінің маңызды маркері - етеккір циклінің сипаттамалары болып табылады. Бұл репродуктивті жүйенің, соматикалық денсаулықтың, эндокриндік жүйенің, етеккір циклінің қызметін реттеу механизмдерінің, психикалық денсаулық пен әлеуметтік әл-ауқаттың интегралды көрсеткіші болып табылады [1, 2].

ДДҰ деректері бойынша 10 жастан 20 жасқа дейінгі жасөспірім қыз балалардың шамамен 94% етеккір кезінде ауырсынуды сезінеді, 15% жағдайда бұл әлеуметтік белсенділіктің төмендеуіне және жұмыс қабілетінің жоғалуына әкеледі. Шетел зерттеулеріне сәйкес жасөспірімдер арасында біріншілік дисменореяның таралуы 8-ден 90% -ға дейін, ал Еуропа мен АҚШ-та 65-85% құрайды, Азия елдеріндегі ұқсас зерттеулер бұл аурудың жоғары жиілігін 90%-ға дейін көрсетті [3-5]. Әртүрлі аймақтардағы кездесу жиілігіне байланысты ауытқулардың кең ауқымды стандартталған тәсілдердің жоқтығына және этникалық ерекшеліктеріне байланысты [6, 7].

Қазақстан Республикасында жыныстық жетілу кезіндегі жасөспірім қыз балаларда біріншілік дисменорея N94.4 (БД) диагностикасы органикалық өзгерістерінсіз функционалдық бұзылыс ретінде балалар және жасөспірім гинекологтарының диагностикалық және емдеу критерийлері ұлттық клиникалық хаттама бойынша жүргізіледі [8]. Отандық зерттеушілердің деректері бойынша БД балалар гинекологының қабылдауында болған 12% жасөспірімді құрады [9].

Простагландиндердің шектен тыс бөлінуі нәтижесінде жатырдың жиырылу белсенділігінің бұзылуы - біріншілік дисменореяның дәлелденген тұжырымы болып табылады [10]. D дәруменінің рөлі туралы қыз балаларда етеккір циклінің бұзылуы мен жыныстық жетілу жасында D дәруменінің тапшылығы мен клиникалық көріністердің кең ауқымын анықтайтын әртүрлі басқа факторлар арасында күшті корреляция бар екені анықталды [11-13]. D дәрумені жатырдың жиырылуы кезінде арахидон қышқылының туындысы

прогласагландиндердің өндірілуін бірнеше жолмен төмендетуі мүмкін. 25(OH)D деңгейі лютеинді фазада төмендейтіні, эстрадиолдың бауырда 1- α -гидроксилаза мен 24-гидроксилазаның ыдырауына ұшырап, 25(OH)D3 деңгейін төмендетеді. Аналық без гормондары лютеинді фазада шыңына жетеді де, D дәруменінің деңгейінің төмендеуіне әкеледі. Нәтижесінде аналық без гормондарымен D дәрумені метаболизмінің циклдік бұзылуы жасөспірім қыз балалардың біріншілік дисменореяның симптомдарының пайда болуына әкеледі [14-16]. Бізге қол жетімді әдебиеттерде BD генетикалық анықтауға қатысты бірнеше зерттеулер ғана табылды. Интерлейкиндер өндірісіне жауап беретін гендердің BD-мен байланысы анықталды [9,с. 5]. Өртүрлі генотиптер/аллель жиіліктері, VDR rs7975232, rs1544410, rs2228570, rs731236 және қабыну аурулары бар гаплотиптер арасындағы байланыс туралы мәлімет қызығушылық тудырады [17].

Жасөспірім қыз балалардағы біріншілік дисменореяның жоғары жиілігі, көп факторлы сипаты, патогенезінің механизмдерінің өртүрлілігі және клиникалық көріністері бұл мәселенің өзектілігін және одан әрі зерттеу қажеттілігін көрсетеді.

Зерттеу мақсаты

Жасөспірім қыз балалардың біріншілік дисменорея кезіндегі D дәрумені, эстрадиол және прогестерон гормондары деңгейлері мен VDR (rs731236) генінің полиморфизмі арасындағы байланысын бағалау.

Зерттеу міндеттері

1. Зерттелуші жасөспірім қыз балалардың D дәрумені деңгейін, эстрадиол және прогестерон гормондары жағдайын бағалау.

2. Біріншілік дисменорея анықталған жасөспірім қыз балалардың D дәруменінің деңгейіне сәйкес VDR гені rs731236 генотиптері жиілігіне талдау жүргізу.

3. Біріншілік дисменорея кезіндегі D дәрумені деңгейімен және VDR гені полиморфизмі арасындағы өзара байланысын анықтау.

Ғылыми жаңалығы

- Зерттеу шеңберінде, алғаш рет Қазақстанда біріншілік дисменорея анықталған жасөспірім қыз балалар арасында D дәруменінің деңгейі және VDR гені полиморфизмінің жиілігі анықталды;

- Біріншілік дисменорея анықталған жасөспірім қыз балалар арасында D дәрумені деңгейімен және VDR гені полиморфизмі арасындағы байланыс анықталды.

Теориялық және тәжірибелік маңыздылығы

Жасөспірім қыз балалар арасында біріншілік дисменореяны болжау үшін, қолдануы мүмкін статистикалық моделдеу нәтижесінде D дәруменінің рецепторы VDR генімен болжау моделі алынды.

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі, Денсаулық сақтау сапасы жөніндегі бірлескен комиссиямен бекітілген 30 шілде 2020 жылғы № 109 хаттамасына сәйкес, «Біріншілік дисменореяны диагностикалау» үшін D дәрумені деңгейін анықтауды қосымша критерийі ретінде енгізуге мүмкіндік туғызады.

Денсаулық сақтау басқармасымен бірлесе отырып, жасөспірім қыз балалардың жыныстық жетілу кезеңіндегі етеккір циклінің физиологиялық қалыптасуына байланысты, мәселелерді шешуде тиімдірек екенін дәлелдейді.

Жасөспірімдердің репродуктивті денсаулығын қорғау үшін - ерте диагностикалау, өсіп келе жатқан жасөспірімдер ағзасының жыныстық дамуындағы D дәрумені деңгейін қалыпты ұстауға және бақылауға мүмкіндік береді.

Қорғауға шығарылған ережелер

1. D дәрумені деңгейіне әсер ететін генетикалық полиморфизмдерді анықтау, D дәрумені тапшылығына бейім жасөспірім қыз балаларда біріншілік дисменореяны ерте диагностикалауға мүмкіндік береді.

2. Жасөспірім қыз балалардың біріншілік дисменореяның дамуында VDR гені полиморфизмі бойынша нәтижелер жоғары ықтималдықпен мүмкіндік береді.

3. D дәрумені тапшылығына негізделген біріншілік дисменореяның ағымын ерте диагностикалау, жасөспірім қыз балалар арасында екіншілік дисменореяны алдын – алуға мүмкіндік береді.

Жұмыстың апробациясы

Диссертациялық жұмыстың негізгі қағидалары Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік медицина университетінің Ғылыми кеңесі мен ғылыми мәселелік ұйымының кеңейтілген отырыстарында баяндалды.

Зерттеу нәтижелері ғылыми-практикалық конференцияларда баяндалды

- Дүниежүзілік остеопорозға қарсы күрес күніне орай ұйымдастырылған Қазақстан Республикасының жақын және алыс шетел медициналық оқу орындары арасында «Заманауи медицина: жаңа көзқарас және өзекті зерттеулер» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясында «Полиморфизм гена рецептора витамина D VDR и минеральной плотности костной ткани у азиатских девочек-подростков с первичной дисменореей» және «Особенности полового развития у девочек подростков с первичной дисменореей» Литва, Kaunas Medicine volume 57, Supplement 2, 2021 (20 ақпан 2021 жыл, Ақтөбе қаласы);

- «Биология, медицина және фармацияның даму болашағы» атты жас ғалымдар мен студенттердің VIII халықаралық ғылыми конференциясында онлайн форматта Нұрсұлтан Назарбаев қоры жанындағы Ғылым жөніндегі кеңесі «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ «Распространенность гена VDR, COL1A1, CALCR среди девочек подростков с первичной дисменореей» (9-10 желтоқсан 2021 жыл);

- «Қазақстанның жыныстық және репродуктивті денсаулық жөніндегі қауымдастығы (ҚМПА)» ұйымдастыруымен II Халықаралық конференциясында «Біріншілік дисменорея кезіндегі D витаминінің тапшылығы» (2023 жыл, 7-8 сәуір, Алматы қаласы).

Диссертация тақырыбы бойынша жарияланымдар

Диссертация тақырыбы бойынша 11 ғылыми баспа жұмыстары

жарияланды. Оның ішінде халықаралық ғылыми-практикалық мәліметтеріндегі – 3 тезис, Web of Science және Scopus ақпараттық базасында индекстелінетін халықаралық журналдағы – 3 мақала, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетімен ұсынылған ғылыми басылымдардағы – 2 мақала, авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізіліміне мәліметтерді енгізу – 2, ғылыми-зерттеу нәтижелерін клиникалық практикаға енгізуге арналған актілер – 2, Қазақстан Республикасының пайдалы модельге патенті – 1 алынды.

Автордың жеке қосқан үлесі

Ғылыми зерттеудің идеясын, мақсаты мен міндеттерін әзірлеу, деректер жиынтығын жүргізу және клиникалық, зертханалық және генетикалық зерттеулер жүргізуге келісім алу, зерттеу нәтижелерін статистикалық өңдеу, тұжырымдар мен ұсыныстарды құрастыру, мақала мен тезистер жазылды.

Диссертация құрылымы және көлемі

Диссертация кіріспе, әдебиетке шолу, зерттеу әдістері мен материалдары, зерттеуден алынған нәтижелер және генетикалық зерттеу нәтижесі, зерттеу нәтижелерін талдау және қорытынды, тәжірибелік ұсыныстар, қолданылған әдебиеттер, қосымшалар бөлімдерінен тұрады. Жұмыс 103 бет компьютерлік терілімдегі мәтіннен тұрады. Құрылымы 23 кесте, 13 суреттен тұрады. Қолданылған әдебиеттер саны 205, оның 177 – шетел әдебиеттері.

1 БІРІНШІЛІК ДИСМНОРЕЯ АНЫҚТАЛҒАН ЖАСӨСПІРІМ ҚЫЗ БАЛАЛАРДАҒЫ D ДӘРУМЕНІ МЕН VDR ГЕНІ ПОЛИМОРФИЗМІНІҢ РӨЛІ (ӘДЕБИЕТТІК ШОЛУ)

1.1 Біріншілік дисменорея: таралу жиілігі, соңғы заманауи ілімі

Дисменорея - етеккір кезінде жасөспірім қыз балалар мен репродуктивті жастағы жас әйелдердің көбінде кездесетін кең таралған гинекологиялық аурулардың бірі [18,19]. Бұл кең таралған ауру болса да, ол әдетте уақытылы диагностикаланбайды және әйелдердің көпшілігі медициналық көмекке жүгінбейді. Дисменорея іштің немесе жамбастың төменгі бөлігіндегі бел, аяқ және санның ішкі бөлігін иррадиациялай алатын циклдік ауырсыну ретінде анықталады [20-22]. Оны бірінші дисменорея (БД) және екінші дисменорея (ЕД) деп бөледі. БД деп кіші жамбас мүшелерінің қандай да бір анық патологиясыз етеккір ауырсынумен келуін түсінеміз, ол әдетте алғашқы етеккір келген уақытынан екі жыл ішінде басталатын овуляторлы цикл кезінде анықталатын жағдай [23]. Ал екіншілік дисменорея - эндометриоз, кіші жамбас мүшелерінің созылмалы қабыну аурулары, аденомиоз, эндометрия полиптері және қабыну ауруларының асқынулары сияқты кіші жамбас мүшелерінің негізгі патологиясымен байланысты болуы мүмкін.

Бұл көтерілген мәселе, алғашқы етеккірдің келу жасы (алғашқы менархе) екі жылда етеккір циклдың көпшілігінде ановуляторлы түрінде кездесумен байқалады. Овуляцияның болмауына қарамастан, тұрақты етеккір циклының дамуында фолликулдарның белсенуіні әсерінен эстроген деңгейінің көтерілуіне және төмендеуіне әсер етуі мүмкін.

Жасөспірім қыздар арасындағы ДДҰ зерттеулері менархиядан кейінгі 2 жыл арасында 67% -да және етеккір циклы тұрақты болатынын анықтады (яғни 20-40 күн аралығымен және 10 күннен аспайтын ұзақтықпен болатын) алға тартып отыр [24, 25].

Liven Wang және авторлары (Репродуктивті медицина кафедрасы, Сянья ауруханасы, Орталық Оңтүстік университеті, Чанша, Қытай) зерттеуінде PubMed, Embase, Кокран кітапханасы, Web of Science, Ұлттық білім инфрақұрылымы, WANFANG және VIP дерекқорында жарияланған 96 нәтижелерді метаанализ жасай отырып, БД-нің жалпы таралуы 66,1% (95% сенімгерлік аралығы [СИ] 63,4-68,9), 31,1% (СИ 28,1-34,3), 25,7% (СИ 23,4-28,0) және 8,3% студенттерді (СИ 7,4-28,0) құрады. БД-ның ағымы жеңіл, орташа және ауыр болуына байланысты мағлұмат берді. Бұдан басқа, БД-ның таралуы соңғы 10 жылдықта артқаны, 2010 жылға дейін 58,8% (СИ 54,3-63,7), бірақ 2010 жылдан кейін 68,5% (СИ 65,5-71,6) байқалды [26].

Бүкіл әлемде БД таралуы ұрпақты болу жасындағы әйелдердің 45-тен 95% -ына дейін ауытқиды, олардың 2-29% -ы қатты ауырсыну сезімі болатыны анықталып отыр [27-30]. Ливанда БД-ның ұлттық таралуы 38,1-ден 89,6% -ға дейін ауытқиды, әр түрлі жас топтары мен түрлі кәсіпте болуымен пайыз мөлшері түрлі болып анықталғанын алға тартты [31-33]. Бұл айырмашылық БД, зерттеу жүргізген топтар арасында яғни, этникалық қатыстылығын және

қоғамдастықтар арасындағы ауырсынуды қабылдаудағы айырмашылықтарды бағалау үшін пайдаланылатын әртүрлі әдістер бар болуына байланысты екенін тұжырымдап отыр [34].

ДДҰ мәліметтері бойынша, 10-20 жас аралығындағы қыздар арасында 94% -ға дейін етеккір ауырсынумен келетіні анықталды. Ресейлік және шетелдік ғалымдардың әдебиет деректері бойынша жасөспірім қыздар арасында БД таралуы 8% -дан 90% -ға дейін өзгереді. Әлеуметтік белсенділіктің төмендеуіне де, 15% жағдайда жұмыс істеу қабілеттілігін жоғалтуға әкелетін ауыр түрдегі БД [35].

Бұл мәселенің өзектілігі жасөспірім қыздардағы гинекологиялық аурулар құрылымында етеккір циклінің бұзылуының жоғары таралуына байланысты. 60% жағдайда балалар гинекологына барудың жиілеуі және мектепте сабаққа келмеуінің себептерінің ішінде біріншілік дисменорея бірінші орында және жасөспірім қыздарды ауруханаға жатқызудың 13%-н құрап шұғыл себептерінің ішінде төртінші орында келеді [36].

Жасөспірімдер арасында Швейцарияда – 86,6%, АҚШ-та – 65%-дан 85%-ға дейін, Италияда – 84,1%, Қытайда – 56,4%, Турцияда 84,6%, ал Ресейде, в. оның кейбір аймақтарында БД - мен сырқаттанушылық 19,2%-дан 84,5%-ға дейін ауытқиды [37-44].

Сонымен, дисменорея - циклдік патологиялық процесс, етеккір кезінде іштің төменгі бөлігіндегі ауырсынумен сипатталатын, психоэмоционалды және метаболикалық-эндокриндік белгілер кешенімен бірге жүреді [45].

Этиологиялық фактор бойынша:

Біріншілік (функционалды): кіші жамбас қуысында генитальды патология анықталмаған жағдайда пайда болатын іштің төменгі бөлігіндегі толғақ тәрізді ауырсынудың болуымен сипатталатын симптом;

Екіншілік (органикалық): кіші жамбас қуысында генитальды патология (эндометриоз, аденомиоз немесе жатыр миомасы) анықталған жағдайда пайда болатын іштің төменгі бөлігіндегі толғақ тәрізді ауырсынудың болуымен сипатталады.

Қазақстан Республикасында жыныстық жетілу кезіндегі жасөспірім қыз балаларда біріншілік дисменорея диагнозы ХКД - N94.4 (БД) диагностикасы органикалық өзгерістерінсіз функционалды бұзылыс ретінде балалар және жасөспірім гинекологтарының диагностикалық және емдеу критерийлері ұлттық клиникалық хаттама бойынша жүргізіледі.

Ауырлық дәрежесі бойынша:

- әлсіз;
- орташа;
- ауыр болып бөлінеді.

Кезеңі бойынша:

-компенсацияланған (аурудың белгілері жылдан жылға асқынуы дамымаған кезде);

-декомпенсацияланған (аурудың белгілері етеккірдің келу уақытына қарау

Визуальды аналогтық шкала бойынша ауырсынуды осылайша әртүрлі сипаттаған [46-49].

Н. Joffe және басқа авторлардың мәліметтері бойынша, жасөспірім қыздарда жиі кездесетін аурулардың бірі – жамбас қуысы ағзаларының созылмалы ауырсыну синдромы, оның популяцияда кездесу жиілігі 14-тен 16%-ке дейін құрады [50].

Жасөспірім қыздар арасында жамбас қуысы ағзаларының созылмалы ауруларының ең көп таралу себептеріне дисменорея, эндометриоз, аналық без кисталары, тірек-қимыл аппаратының бұзылуы, кіші жамбас қуысы ағзаларының созылмалы қабыну ауруы, кіші жамбас қуысы ағзаларындағы спайкалық процесс пен тоқ ішектің тітіркену синдромы жатады [51].

Жергілікті ғалымдар С.Ш. Исенова және авторлар өз мақалаларында зерттеу нәтижелері Қазақстанның әртүрлі аймақтарында тұратын 4200 қыздар мен ұрпақты болу жасындағы әйелдердің онлайн-сауалнамасы арқылы біріншілік дисменорея анықталған зерттеушілердің 70% - ында дисменореяның жоғары деңгейі анықталды. Олардың ішінде етеккір кезінде қатты ауырсыну, қыздардың 14% -ы уақытша еңбекке жарамсыздыққа дейін болды. Ауырсыну синдромын тоқтату үшін респонденттердің көпшілігі дәрігердің рецептсіз, өзін-өзі емдеусіз ауыратындарды бақылаусыз қабылдаған деген тұжырысқа келген [52].

Қазақстанның әр өңірінен онлайн анкеталауға қатысқан қыздар мен әйелдердің саны: 3 қала республикалық маңызы бар: Нұрсұлтан қаласы - 13,7% (576), Алматы қаласы - 26% (1092), Шымкент қаласы - 9,42% (396) және 14 облыс: Ақмола облысы - 0,9% (18), Ақтөбе облысы - 3,71% (156), Алматы облысы - 5,14% (216), Атырау облысы - 4,86% (204), Шығыс Қазақстан облысы - 1,7% (72), Жамбыл облысы - 5% (210), Батыс Қазақстан облысы - 5,3% (222), Қарағанды облысы - 3,9% (138), Қостанай облысы - 0,4% (18), Қызылорда облысы - 6,3% (264), Маңғыстау облысы - 5% (210), Павлодар облысы - 0,6% (24), Солтүстік Қазақстан облысы 0,4% (18), Түркістан облысы - 3,9% (348) [53-56].

ДДҰ мәліметтері бойынша, 10-20 жас аралығындағы қыздар арасында 94% -ға дейін етеккір ауруымен ауырады. Ресейлік және шетелдік ғалымдардың әдебиет деректері бойынша жасөспірім қыздар арасында БД таралуы 8% -дан 90% -ға дейін өзгереді. Әлеуметтік белсенділіктің төмендеуіне, 15% жағдайда жұмыс қабілеттілігін жоғалтуға әкелетін ауыр БД. Лос-Анджелестегі мектеп оқушыларының 10% дисменореяға байланысты сабақтарды босатқаны байқалды [57-60].

Ағымдағы зерттеу Ливан университеттерінің студенттері арасында бастапқы дисменореяның жоғары таралуын анықтады. Бұл нәтиже Ливанда 89,6%, Литвада 84,2%, Австралияда 88%, Палестинада 85,1%, Солтүстік Ганда 83,6% және Италияда 84,1% қоса алғанда, әртүрлі елдерде жүргізілген бірнеше бір-бірін толықтырып отырған зерттеулер дәлел бола алады. Бұл БД қоғамдық денсаулық сақтаудың кең таралған проблемасы болып табылатынын көрсетеді, оны тиісті түрде шешу керек. Соған қарамастан, басқа зерттеулер БД

таралуының төмен деңгейін көрсетті, мысалы, Оңтүстік Испаниядағы мейірбикелік факультетінде білім алатын студенттер арасында арасында 63,3%, Канададағы 2721 әйелдің ішінде 60% және 70,6% Сауд Арабиясында кездескені анықталып отыр. Зерттеулер арасындағы таралу деңгейіндегі мұндай айырмашылық бірнеше себептермен түсіндірілуі мүмкін, соның ішінде БД-ны анықтаудың жалпыға бірдей қабылданған әдісінің болмауы, әйелдердің жас тобының әртүрлілігі және ең зерттелетін популяцияның бірі болып табылады [61-66].

1.2 Біріншілік дисменореяның этиопатогенетикалық ерекшеліктері

Көптеген факторлар дисменореяға шалдығу қаупін арттырады, мысалы, ерте анықталған менархе, бедеулік, етеккір циклының функционалды және функционалды емес бұзылуы, етеккір циклының ұзақ келуі, көп мөлшерде етеккірдің бөлінуі, дисменореяның отбасылық анамнезі және темекі шегу т.с.с зиянды әдеттер дисменореяның пайда болу қаупі мен ауырсынудың ауырлығын төмендететін факторлар қалыпты босануды және физикалық жаттығуларын қамтитынын еске салсақ, дисменореяның ауырлық дәрежесін және қаупін төмендетуге ықпал ететінін бірнеше ғалымдар алға тартып отыр [67-69].

1965 жылы Пиклз және ғалымдар дисменореяға ықпал ететін факторлардың бірі етеккір алдында простагландиндер концентрациясының артуы мүмкін екенін атап өтті [70].

Көптеген зерттеулер болғанына қарамастан дисменореяның патомеханизмі толық зерттелмеген. Соңғы заманауи зерттеулер нәтижесі дисменорея - көптеген факторларға тәуелді болуына байланысты күрделі процесс екенін көрсетіп отыр [71-73].

Етеккір циклі аналық без гормондары концентрациясының циклдік өзгерістеріне, сондай ақ, простагландиндер деңгейінің циклдік өзгерістеріне және жатырдың жиырылу белсенділігіне байланысты екені анық [74,75]. Бұл болжамдар кейінгі жылдары басқа авторлармен расталды, олар простагландиндердің дисменорея кезінде мөлшерден тыс өндірілетінін көрсетті [76]. Бұны сондай-ақ етеккір кезінде дисменореямен бірге жүретін симптомдар дәлел бола алады. Простагландиндер жатырды қамтамасыз ететін тамырлардың тарылуына, жатырдың жиырылу белсенділігінің бұзылуына алып келіп, бұл өз кезінде ишемияға, жатыр гипоксиясына және жүйке талшықтарының сезімталдығының жоғарылауына алып келеді [77].

Осы тұжырымдамамен басқа да шетел ғалымдары мәлімдесі: босану немесе өздігінен түсік кезіндегі жатырдың жиырылу белгілерінің ұқсастығы простагландиндер тудырған біріншілік дисменореясы бар және әйелдердің етеккір кезінде простагландин синтезін тежеу арқылы ауырсынуды жеңілдетудегі циклооксигеназа тежегіштерінің тиімділігімен түсіндіріледі [78, 79].

Простагландиндер жасуша мембранасының фосфолипидтерінің ортақ компоненті арахидон қышқылы сияқты ұзын тізбекті полиқаньқпаған май қышқылдары арқылы синтезделеді. Оның синтезі циклдік

аденозинмонофосфатпен (цАМФ) реттелетін бос май қышқылдарының ізашарлары болуымен шектеледі. Осылайша, цАМФ жолы арқылы простагландин өндірілуін адреналин, пептидтік және стероидты гормондар, сондай-ақ механикалық тітіркендіргіштер және тіндердің қабынуын күшейтуі мүмкін.

Арахидон қышқылы лизосомалық фермент фосфолипаза А2 арқылы фосфолипидтерден түзіледі. Лизосомалық белсенділіктің тұрақтылығы бірнеше факторлармен реттеледі де, олардың бірі прогестерон гормоны болып табылады. Прогестеронның жоғары деңгейі лизосомалардың белсенділігін тұрақтандырады. Соңы лютеинды фазада сары дененің ыдырауымен болатын прогестерон деңгейінің төмендеуі эндометриялық лизосомаларға осы тұрақтандырушы әсердің төмендеуіне әкелуі нәтижесінде фосфолипаза А2 босатылып және арахидон қышқылының синтезі үшін жасуша мембранасының фосфолипидтері гидролизденеді. Бұл қосылыстар ЦОГ және липоксигеназа жолының ізашарлары ретінде қызмет етеді. Осылайша, етеккір кезіндегі арахидон қышқылының жоғары қолжетімділігі сәйкесінше, простагландиндердің өндірілуіне ықпал етеді. Сондай-ақ, дисменорея тек овуляциялық циклдар кезінде пайда болуы мүмкін деген қорытындыға осы механизм дәлел бола алады [80, 81].

Біріншілік дисменореяның қауіп факторларының екі түрі бар: түрлендірілмейтін және мінез-құлық факторы. Түрлендірілмейтін қауіп факторларына мыналар жатады: дисменореяның отбасылық тарихы, 20 жасқа дейінгі жас (симптомдар жасөспірімдік кезеңінде айқынырақ), 12 жасқа дейінгі менархе жасы (овуляциялық циклдің ерте қалыптасуына байланысты), 7 күннен асатын етеккір бөлінісінің ұзақ болуы және және анамнезінде босанудың болмауы. Көп босанушы әйел мен мен дисменорея қауіпінің төмендеуі арасындағы байланысты бірнеше гипотезамен түсіндіруге болады, мысалы: мерзіміндегі босанудан кейінгі эндометриядегі простагландиндердің бөлінуінің төмендеуі, мерзімінде босанудан кейінгі жатырда нейрондардың дегенерациясының және жатырдың жиырылуының төмендеуі. жүктіліктің үшінші триместріндегі норадреналиннің бөлінуі. Мінез-құлық қауіп факторларына мыналар жатады: дене салмағының индексі (ДСИ) <20 немесе >30, омега-3 аз тұтыну (балық), темекі шегу, кофеинді тұтыну (сонымен бірге қан тамырларының тарылуын тудырады) және депрессия мен алаңдаушылық сияқты психоэмоционалдық белгілердің болуы. Одан басқа, ата-аналармен шиеленісті қарым-қатынастар біріншілік дисменореяның дамуына ықпал етуі мүмкін [82-87].

Бұл мінез-құлық факторларын анықтау маңызды, өйткені олар шешуші рөл ойнайды. Стресс простагландиндердің белсенділігіне әсер ететін прогестерон синтезі мен бөлінуінің өзгеруімен фолликулалардың дамуының бұзылуына әкелетін лютеиндеуші және фолликулды ынталандыратын гормондардың бөлінуін бәсеңдетеді. Сонымен қатар, адреналин және кортизол сияқты стресске байланысты гормондар да простагландиндердің синтезіне және миометрияның байланысуына әсер етеді [88-90].

Кейбір зерттеулер бірінші дисменореяның және тітіркенген ішек синдромы, мигрень және фибромиалгия сияқты созылмалы ауырсынуды тудыратын басқа жағдайлардың пайда болуы арасындағы байланысты көрсетеді. Біріншілік дисменореясы бар әйелдерде, дисменореясы жоқ жас репродукті жастағы әйелдермен салыстарғанда, тітіркенген ішек синдромы екі есе жиі кездеседі. Сонымен қатар, бұл жағдай ауырсыну сезімталдығы жоғарылаған, басқа аурулардың белгілерін күшейтуі мүмкін [91].

D дәрумені жатырдың жиырылуы кезінде арахидон қышқылының туындысын простагландиндердің өндіруді бірнеше жолмен төмендетуі мүмкін. Біріншіден, D дәрумені простагландин рецепторының экспрессиясын төмендетеді, бұл функционалды қызмет ретінде просталгандиндердің жанама ингибирлеуімен қоса жүреді. Екіншіден, D 15- (дегидрогеназа) ферментінің белсенділігін арттыру есебінен простагландиндердің гиперсекрециясына алып келеді. Соның әсерінен D дәрумені циклооксигеназа-2 (ЦОГ-2) экспрессиясын осы механизмге ұқсас төмендетеді алады. Ветта жасушасы (NF-κB) ядролық факторының жоғарыдағы транскрипциялық факторын реттеудің арқасында D дәрумені қабыну алды-альфа некрозының (TNF-α) факторымен индукцияланған (IL-8, PGE2, және NF-κB) - интерлейкин(IL), IL-6 немесе қабыну цитокиндері механизмдері деңгейін айтарлықтай төмендетеді. Жатырдың бұлшықетінің белсендірілетін протеинкиназа сигналды тасымалдаушы қызметін атқарады. Жатырдың осыған байланысты жауап беруін қамтитын біріншілік дисменорея кальций агонистер ағынымен миозиннің жеңіл тізбегі киназасының белсенділігіне ықпал етуі мүмкін болатындығын Қытай мен Египет ғалымдары тұжырымдап отыр [92-95].

1.3 Біріншілік дисменореяның клинико-диагностикалық ерекшеліктері

Акушерия және гинекология, оның ішінде балалар гинекологиясы мамандық бойынша болашақ дәрігерлердің білімдері, тәжірибелік дағдыларын игерулерінде: емханада, перзентханада, аурухананың гинекология бөлімінде, дәрігердің клиникалық ойлау қабылетінің қалыптасуына жол ашады. Балалар және жасөспірімдер гинекологиясы – репродуктологияның бір бөлігі, оның құрамына акушерлік, перинатология, клиникалық генетика, жанұяны жоспарлау, ұрықтану гигиенасы және педиатрияның кейбір бөлімдері кіреді.

Етеккір циклы, етеккір циклын қалпына келтірудің қазіргі кездегі көзқарас, гинекологиядағы функционалды диагностикалық әдістері қыздар және жасөспірімдерге акушерлік-гинекологиялық көмек көрсету ұйымдастыру қағидалары, қыздарда жас ерекшеліктеріне байланысты анатомиялық-физиологиялық жыныс мүшелерінің даму ерекшеліктері, жасөспірім қыз балалардың физикалық дамуын бағалау және зерттеу әдістері қазіргі заманауи зерттеу әдістерінің жүйесін құрайды.

Бүгінгі таңда жастармен жұмыс істейтін медицина қызметкерлері етеккір циклінің мәселелерін, оның жасөспірімдік және жыныстық дамуы шеңберіне кешенді түрде қарауды талап етеді. Осылайша, психологиялық өсу, сондай-ақ

жыныстық жетілудің маңызды аспектілері біздің қарқынды дамып жатқан медициналық технологиялар дәуірінің өзінде, мұқият медициналық анамнез және жүргізілген жамбас астау мүшелерінің тексеруі осы жасөспірім қызбалалардың жан-жақты терең бағалау керектігіне негіз болып қала береді.

Біріншілік дисменореяның диагностикалық критерийлеріне клиникалық диагнозы болғандықтан, бағалау әдетте жамбас мүшелерінің қабыну аурулары, эндометриоз, аденомиоз немесе миома сияқты жамбас патологиясын көрсететін белгілер мен симптомдарды тереңінен зерттеу үшін тарихты және физикалық тексеруді қамтамасыз етіледі. Сондай-ақ дисменореяны тудыратын белгілердің болуын немесе болмауын растау үшін анамнез, содан кейін рецессивті дисменореяның мүмкін болу себептерін бағалау маңызы зор.

Етеккір циклының анамнезі толық жиналуы керек: етеккірдің басталуы, етеккірге қатысты белгілердің басталуы және ауырсынудың ағымдағы етеккір циклімен байланысы. Әдетте, біріншілік дисменорея анықталған қыз балалар әдетте жас, етеккірге жақын және етеккір кезіндегі ауырсынуды жиі етеккірден кейінгі бірінші жыл ішінде сезінеді [96, 97].

Ауырсыну уақыты да біріншілік дисменореяны диагностикалауда ерекше назар аудартады: дисменорея етеккір циклінің басталуына дейін немесе басталған уақытта ауырсынумен сипатталады және әдетте 12-ден 72 сағат аралығында ауырсыну сезімі басылады, цикл бойы тұрақты, әлсірейтін немесе етеккірден тыс пайда болатын ауырсыну дисменорея болуы екіталай.

Дисменорея кезіндегі ауырсыну - іштің төменгі бөлігіндегі құрысып ауырсынуы немесе іштің ортаңғы сызық бойымен ауырсынуы, сонымен қатар төменгі арқаға немесе жамбас бойына берілетін ауырсынумен сипатталауы мүмкін.

Дисменорея анықталған қыздар мен жасөспірімдерде жиі жүрек айнуына, диареяға, шаршауына, бас ауруына және ауырсынумен бірге жүретін жалпы әлсіздік сезіміне, сонымен қоса басқа аурулар созылмалы ауырсыну синдромдары және психикалық бұзылулары ескеріледі [98].

Қазіргі таңда мәселенің өзектілігі жасөспірім қыздардағы гинекологиялық аурулар құрылымында етеккір циклінің бұзылуының жоғары таралуына байланысты, бұл 60% жағдайда балалар гинекологияна барудың жиілеуі, ҚР ДСМ қыздар мен жасөспірімдердің репродуктивті денсаулығын жақсарту мақсатында "Қазақстан Республикасында балалар гинекологиясын жетілдірудің 2022-2026 жылдарға арналған Жол картасы" әзірленуіне себеп болып табылды [99].

Маргарет Бернер және авторлар 2005 жылдың қаңтарынан 2016 жылдың наурызына дейін PubMed немесе Cochrane дерекқорында келтірілген клиникалық сынақтар, популяцияны зерттеу және шолу мақалаларының зерттеу нәтижелерін қорытындылай келе мынандай тұжырымға келген: біріншілік дисменорея жиі кездеседі және жиі емделмейді, тиімді терапия ең аз шығынмен кеңінен қол жетімді, емдеу өмір сапасын жақсартуға және мектептен немесе жұмыстан кететін уақытты азайтуға мүмкіндік береді [100].

Жалпы зерттеу жұмысы барысында «Жағдай - бақылау» зерттеуі бойынша жасөспірім қыз балалардың жалпы физикалық дамуы көрсеткіштерінің ең алдымен сипаттамалық талдауы жүргізілді. Зерттеу топтары жағдай және бақылау болып бөлінді. Барлық зерттеуге қатысқан жасөспірім қыз балалардың саны 410 құрады. Жағдай тобы – біріншілік дисменореясы анықталған қыз балалар саны 50,2% (n=206), яғни етеккір кезіндегі визуалды аналогтық шкала бойынша ауырсынуы анықталған қыз балалар, ал бақылау тобы – қалыпты етеккір циклы анықталған қыз балалар саны да 49,8% (n=204). Төменде берілген 1 кестеде зерттеуге алынған жасөспірім қыз балалардың физикалық дамуы бойынша көрсеткіштердің сипаттамалық және салыстырмалы талдауы ұсынылды.

Кесте 1 – Жағдай және бақылау топтарындағы қыз балалардың физикалық дамуының сипаттамалық және салыстырмалы талдауы

Көрсеткіштер	Жағдай (n= 206)	Бақылау тобы (n= 204)	p ≥0,05
Жасы	15,2 (95% СИ: 15-15,5)	14,9 (95% СИ: 14,7-15,1)	0,19
Бой ұзындығы	159,5 (95% СИ: 158,5-60,5)	160,9 (95% СИ: 160,0-61,9)	0,06
Дене салмағы	53,77 (95% СИ: 52,5-55)	54,3 (95% СИ: 53,9 - 55,7)	0,1
Дене салмағының индексі	21,1 (95% СИ: 20,7 - 21,5)	21,2 (95% СИ: 20,8-21,5)	0,17

Жағдай және бақылау топтарындағы қыз балалардың сипаттамалық талдау нәтижесі бойынша: орташа жасы жағдай тобында бақылау тобымен салыстырғанда 0,3 жасқа үлкен болды, бірақ айырмашылық мәнді болған жоқ. Келесі көрсеткіш бой ұзындығы бойынша керісінше бақылау тобында 1,4 см ұзынырақ болғаны анықталды, дегенмен екі топ арасында айқын айырмашылық байқалмады. Жасөспірім қыз балалардың дене салмағын жағдай тобымен салыстырғанда бақылау тобына қарағанда 0,6кг артық болды, яғни дене салмағы бойынша жасөспірім қыз балалар арасында айырмашылықтың жоқ екені анықталды. Жағдай тобындағы қыз балалардың дене салмағының индексі бақылау тобындағы қыз балалардың дене салмағының индексімен сәйкес тең шаманы құрады, салыстыру барысында мәнді айырмашылық табылған жоқ. Жоғарыда көрсетілген жас шамасы, бой ұзындығы, дене салмағы және дене салмағының индексі көрсеткіштері бойынша, екі топ арасында мәнді

айырмашылықтың анықталмағандығы жағдай және бақылау топтарындағы талабына сәйкес (matched case-control study), жұптастыру әдісін қолдана отырып топтастырылғандығын нақтылайды (1 - кесте).


Біріншілік дисменореяны анықтау барысында ВАШ балдық көрсеткішіне талдау жүргізілді. Анықтағанамыздай бақылау тобында зерттелуші қыз балалар арасында ауырсыну дәрежесін 0 – балмен белгілеген ауырсынуы жоқ қыз балалар, сәйкесінше жағдай тобында 0 – балдан жоғары, 10 – балдан төмен ауырсыну дәрежесін белгілеген біріншілік дисменореясы бар қыз балалар сипатталды.

Кесте 2 – Жағдай және бақылау топтарындағы ВАШ бойынша салыстырмалы талдауы

Көрсеткіштер	топтар	ВАШ			p
		Me	Q1 – Q3	N	
	Бақылау	0	0 – 0	204	< 0,001*
	Жағдай	7	7 – 7	206	

* көрсеткіштер арасындағы айырмашылықтар статистикалық маңызды (p<0,05)

Алынған мәліметтерге сүйене отырып, ВАШ – тың балы бойынша жағдай және бақылау топтары арасында статистикалық мәнді айырмашылық анықталды. Жағдай тобында біріншілік дисменорея кезіндегі орташа ауырсыну дәрежесі 7 балға тең болды, дегенмен зерттеу барысында БД бар топқа яғни, жағдай тобына ВАШ бойынша 10 – балмен анықталған қыз балалар арасында кездескен жоқ.



Сурет 2 - Жағдай және бақылау топтарындағы жасөспірім қыз балалардың менархе жасы бойынша салыстырмалы талдауы

Менархе жасы – етеккір циклының ең алғаш келген жасы болып анықталады. Менархе жасының кеш болуы қалыпты жағдай болып табылмайды. Сондықтан, менархе жасын анықтау өте маңызды. Зерттеуіміздің нәтижесі бойынша жағдай және бақылау топтарындағы жасөспірім қыз балалардың менархе жасы 11 жасқа сәйкес келді және бұл жас бойынша мәнді айырмашылық анықталған жоқ. Бұның өзі, менархе жасының қалыпты етеккір циклының бірден – бір көрсеткіші болып табылады.

Берілген диаграммада жағдай және бақылау топтарындағы менархе жасы 11 жастағы қыз балалар саны ($n=109/108$) 52,9% құрады, ал менархе жасы 12 жастағы қыз балалар саны ($n=97/96$) 47,1% болды, дәлірек айтқанда екі топ арасында менархе жасы бойынша мәнді айырмашылық анықталған жоқ ($p=0,537$).


Зерттеу міндетін орындай отырып, етеккір циклының фолликулярлы фазасында эстрадиол гормонын және лютеинді фазасы кезеңінде прогестерон гормондарының жағдайына сипаттамалық және екі топ арасында салыстырмалы талдауы жүргізілді (кесте 3).

Кесте 3 - Жағдай және бақылау топтары арасында эстрадиол мен прогестерон гормондары бойынша сипаттамалық және салыстырмалы талдауы

Көрсеткіштер	Жағдай (n= 206)	Бақылау тобы (n= 204)	p≤0,05
	Me [Q1 – Q3]		
Эстрадиол	188 [109; 335]	262 [120; 398]*	0,03
Прогестерон	0,7 [0,4 ; 2,3]	0,8 [0,4 ; 11,4]	0,2

* Жағдай және бақылау топтары арасында мәнді айырмашылық

Жасөспірім қыз балалар арасында қан анализінде жағдай тобындағы эстрадиол гормонының деңгейінен бақылау тобындағы медианасы бойынша 74 пмоль/л жоғары болды, ол өз кезегінде екі топта да эстрадиол гормоны деңгейінің көрсетілген шамалары қалыпты шегінде екенін растайды. Салыстыру талдау жүргізу барысында бұл шаманың жағдай тобында төмендегені байқалып, салыстырмалы мәнді айырмашылық бар екенін көрсетті, бақылау тобындағы қыз балалардың эстрадиол гормоны деңгейінің жоғары болуы, ал жағдай тобында төмен болуы біріншілік дисменореяның ауырлығына байланысты екенін көрсетеді. Зерттеуге қатысқан жасөспірім қыз балалардың прогестерон гормонының қан сарысуындағы медианасы екі топ арасында референстік мәнге ие болды. Жағдай тобындағы жасөспірім қыз балалардың қан сарысуындағы прогестерон гормонының деңгейі бақылау тобына қарағанда 0,1 нмоль/л төмен болды, салыстыру нәтижесі прогестерон гормонының деңгейі бойынша зерттеу топтары арасында айырмашылық жоқ екенін көрсетті (кесте 3).



Сурет 3 - D дәрумені деңгейі бойынша жағдай және бақылау топтары арасындағы салыстырмалы талдауы

Жағдай тобындағы жасөспірім қыз балалардың 25(OH)D дәрумені деңгейі 14,6 (10,6; 19,3) нг/мл құрады, ал бақылау тобында 15,6 (13,0; 23,2) нг/мл болды. Әрі қарай бөлінген екі топтағы жасөспірім қыз балалардың 25(OH)D дәрумені деңгейі бойынша да тапшылық мәні (< 20 нг/мл) анықталды.

Жағдай және бақылау топтары арасында жасөспірім қыз балалардың қан сарысуынан анықталған 25(OH)D дәруменінің деңгейі бойынша салыстырмалы талдауы келесі айқын айырмашылықты көрсетті ($p= 0,0004$). Салыстыру нәтижесінде D дәруменінің деңгейі жағдай тобына қарағанда, бақылау тобында жоғарырақ болды (сурет 3).


Біріншілік дисменорея анықталған жасөспірім қыз балалар ішінде 25(OH)D дәрумені деңгейі басты назарда болды. Өйткені бұл дәрумен – бір жағынан метаболит, ал екінші жағынан реттеуші гормон қызметін атқарады. Сондықтан да, оның мәндерінің шегі маңызды болып саналады. 25(OH)D дәруменінің көрсеткіші бойынша негізгі талдау барасында, ағзадағы деңгейіне байланысты – жеткілікті, жеткіліксіз және тапшылық жағдайы болып бөлінеді. 4-ші кестеде көрсетілген жағдай және бақылау топтарындағы D дәруменінің қалыпты, жеткіліксіздік, тапшылық деңгейі бойынша сипаттамасы және салыстырмалы талдауы.

Кесте 4 – Жағдай және бақылау топтары арасындағы D дәрумені деңгейінің салыстырмалы талдауы

25(OH)D деңгейі	Жағдай тобы			Бақылау тобы			p
	Me	Q1	Q3	Me	Q1	Q3	
30-100 нг/мл қалыпты деңгей	34	31	45	42	32	41	0,001
20-30 нг/мл жеткіліксіздік	23	21	25	23	21	27	0,2
< 20нг/мл тапшылық	13	10	16	14	12	16	0,01
Ескерту - Q1 - Q3-интерквартильдік диапазон (25-ші - 75-ші квартилдер, IQR) *p < 0,001 Пирсон χ^2 -квадратындағы статистикалық маңызды айырмашылық							

4 – кестеде берілген негізгі көрсеткіш жағдай тобындағы жасөспірім қыз балалар арасында D дәруменінің жеткілікті деңгейі (>30 нг/мл) бақылау топпен салыстырғанда, жағдай тобында 1,2 есе нг/мл төмен болды және табылған айырмашылық мәнді болды. Келесі D дәруменінің жеткіліксіз деңгейі (20 - 30 нг/мл аралығы) бойынша жағдай және бақылау топтары арасында біркелкі мәнге ие болды, сондықтан да салыстырмалы айырмашылық табылған жоқ. Тапшылық деңгейі (<20 нг/мл) бойынша салыстыру нәтижесінде, бақылау тобындағы 25(OH)D дәруменінің деңгейі жағдай тобындағы жасөспірім қыз

балаларға қарағанда 1 нг/мл жоғары болып, салыстырмалы айқын айырмашылық табылды. Салыстыру анализі көрсеткендей D дәруменінің қалыпты және тапшылық деңгейлерің бойынша екі топ арасында мәнді айырмашылыққа ие болды.



Сурет 4 - Жағдай және бақылау топтары арасында D дәруменінің деңгейлеріне байланысты салыстырмалы талдау

* - $p < 0,001$ D дәруменінің қалыпты және жетіспеушілік деңгейлері арасында Пирсон бойынша статистикалық айқын айырмашылық

** - $p < 0,001$ арасындағы D дәруменінің қалыпты және тапшылық деңгейлері арасында Пирсон бойынша айқын айырмашылық

Жағдай тобындағы D дәруменінің қалыпты деңгейі 1,5% (n=3), ал бақылау тобында 14,2% (n=29) құрады, келесі салыстыру жағдай тобындағы D дәруменінің жеткіліксіздік деңгейі бойынша 21,8% (n=45) құраса, ал бақылау тобындағы D дәруменінің жеткіліксіздік деңгейі 21,1% (n=43) тең болды. Сонымен қоса, берілген жағдай тобындағы D дәруменінің тапшылық деңгейі 76,7% (n=158) тең болды, ал бақылау тобындағы D дәруменінің тапшылық

деңгейі 64,7% (n=132) құрады. Осы кездесу жиілігі бойынша ажыратылған топтар арасында, D дәруменінің қалыпты және жеткіліксіздік, қалыпты және тапшылық деңгейлері бойынша мәнді айырмашылық анықталды ($p < 0,001$), ал жеткіліксіздік және тапшылық деңгейлері арасында ешқандай айырмашылық анықталған жоқ ($p = 0,6$).

Келесі талдауды әрбір топ арасында жеке-жеке көрсеткіштер бойынша сипаттау жүзеге асырылды. Негізгі маңызды көрсеткіш болып табылатын D дәруменінің деңгейлері бойынша жағдай және бақылау топтарында салыстыру нәтижелері алынды. Осы алынған нәтижелердің бақылау тобындағы физикалық даму көрсеткіштері бойынша бой ұзындығы 5-ші кестеде берілді.

Кесте 5 – Бақылау тобындағы қыз балалардың D дәруменінің деңгейіне байланысты бой ұзындығының салыстырмалы талдауы

Көрсеткіш	Дәрежесі	Бой ұзындығы			p
		Me± SD	95% СИ	n	
25(OH)D деңгейі	Қалыпты	162±7,04	159,01-164,9	29	0,848
	Жеткіліксіздік	160,6±6,7	159,3-163,5	43	
	Тапшылық	161,3±6,3	159,5-161,7	132	

5-ші кестеде берілген бақылау тобындағы жасөспірім қыз балалар арасында 25(OH)D дәрумені деңгейінің әрбір дәрежесінде бой ұзындығы бойынша, салыстыру талдауы нәтижесінде айқын айырмашылық анықталған жоқ.

Осы нақты көрсеткіш бойынша келесі статистикалық талдау жағдай тобында да жүргізілді.

Кесте 6 – Жағдай тобындағы қыз балалардың D дәруменінің деңгейлеріне байланысты бой ұзындығының салыстырмалы талдауы

Көрсеткіш	Деңгейі	Бой ұзындығы			p
		M ± SD	95% СИ	n	
25(OH)D деңгейі	Қалыпты	161,3 ± 8,3	140,6-182,0	3	0,747
	Жеткіліксіздік	159,09 ± 6,7	157,06 – 161,1	45	
	Тапшылық	159,5 ± 7,03	158,4 – 160,6	158	

Жоғарыда айтылғандай, жағдай тобындағы жасөспірім қыз балалар арасында 25(OH)D дәрумені деңгейінің әрбір дәрежесінде бой ұзындығы бойынша салыстыру талдауы бақылау тобының нәтижесмен біркелкі келді және статистикалық мәнді айырмашылық болған жоқ.

Келесі талдау нәтижесі дене салмағына байланысты жүзеге асырылды. D дәруменінің деңгейлері бойынша жағдай және бақылау топтарында салыстыру нәтижелері 7-ші кестеде берілді.

Кесте 7 – Бақылау тобындағы қыз балалардың D дәруменінің деңгейіне байланысты дене салмағының салыстырмалы талдауы

Көрсеткіш	Деңгейі	Дене салмағы			р
		М ± SD	95% СИ	n	
25(ОН)D деңгейі	Қалыпты	54,1±7,3	51,3 – 59,9	29	0,398
	Жеткіліксіздік	56,5±5,7	54,7-58,2	43	
	Тапшылық	54,4±6,3	53,3-55,6	132	

Кестеде көрсетілген талдау нәтижесі, дене салмағы бойынша бақылау тобындағы жасөспірім қыз балалар арасында 25(ОН)D дәрумені деңгейінің әрбір дәрежесінде біркелкі мәнге ие болды және мүлдем статистикалық айырмашылық анықталған жоқ.

Кесте 8 – Жағдай тобындағы қыз балалардың D дәруменінің деңгейіне байланысты дене салмағының салыстырмалы талдауы

Көрсеткіш	Деңгейі	Дене салмағы			р
		М ± SD	95% СИ	n	
25(ОН)D деңгейі	Қалыпты	47±7,2	49,1 – 64,9	3	0,281
	Жеткіліксіздік	52,9±7,8	50,5 – 55,2	45	
	Тапшылық	51,1±9,6	52,6 – 55,6	158	

Біріншілік дисменорея анықталған жағдай тобындағы жасөспірім қыз балалардың дене салмағы 25(ОН)D дәрумені деңгейінің әрбір дәрежесінде ерекшеліксіз болды және статистикалық айырмашылықсыз сипатталды.

Жасөспірім қыз балалардың қан саруысуынан анықталған екі негізгі жыныстық гормондары (эстрадиол және прогестерон) жағдайын D дәруменінің деңгейлері бойынша жағдай және бақылау топтарында салыстыру жүргізілді. Осы талдау нәтижесінде алынған бақылау тобындағы эстрадиол деңгейі 9-ші кестеде берілді.

Кесте 9 – Бақылау тобындағы қыз балалардың D дәруменінің деңгейіне байланысты эстрадиол гормоны бойынша салыстырмалы талдауы

Көрсеткіш	Деңгейі	Эстрадиол			р
		М ± SD	95% СИ	n	
25(ОН)D деңгейі	Қалыпты	349,03 ±263,6	248,8 – 449,3	29	0,140
	Жеткіліксіздік	271,7 ± 242, 7	196,99-346,4	43	
	Тапшылық	304,2 ± 215,6	267,07-341,3	132	

Жасөспірім қыз балалардың бақылау тобындағы 25(ОН)D дәрумені деңгейінің әрбір дәрежесі арасында эстрадиол гормонының деңгейін салыстыру

нәтижесінде, айқын айырмашылық табылған жоқ.

Кесте 10 – Жағдай тобындағы қыз балалардың D дәруменінің деңгейіне байланысты эстрадиол гормоны бойынша салыстырмалы талдауы

Көрсеткіш	Деңгейі	Эстрадиол			p
		M ± SD	95% СИ	n	
25(OH)D деңгейі	Қалыпты	373,0 ± 223,04	181,06 – 927,06	3	0,687
	Жеткіліксіздік	317,58 ± 282,5	232,7 – 402,4	45	
	Тапшылық	269,92 ± 253,01	230,1 – 309,7	138	

Біріншілік дисменорея анықталған жағдай тобындағы жасөспірім қыз балалардың эстрадиол гормоны 25(OH)D дәрумені деңгейінің 3 тобы арасында референсті мәнге ие болды, дегенмен неғұрлым D дәруменінің деңгейі төмендеген сайын, соғырлым эстрадиолдың да деңгейі сәйкесінше төмендеуіне әкелді. Бірақ салыстырмалы статистикалық айырмашылық анықталмады.

Кесте 11 – Бақылау тобындағы қыз балалардың D дәруменінің деңгейіне байланысты прогестерон гормоны бойынша салыстырмалы талдауы

Көрсеткіш	Деңгейі	Прогестерон			p
		M ± SD	95% СИ	n	
25(OH)D деңгейі	Қалыпты	8,4±15,8	2,45- 14,49	29	0,262
	Жеткіліксіздік	9,5±14,2	5,1-13,1	43	
	Тапшылық	6,8±11,3	4,6 – 8,8	132	

Бақылау тобындағы жасөспірім қыз балалардың 25(OH)D дәрумені деңгейінің әрбір дәрежесінде прогестерон гормонының деңгейі бірдей болды, бірақ көрсетілген топтар арасында салыстырмалы айырмашылық болған жоқ.


Кесте 12 – Жағдай тобындағы қыз балалардың D дәруменінің деңгейіне байланысты прогестерон гормоны бойынша салыстырмалы талдауы

Көрсеткіш	Деңгейі	Прогестерон			p
		M ± SD	95% СИ	N	
25(OH)D деңгейі	Қалыпты	1,2 ± 0,98	1,1 – 3,6	3	0,200
	Жеткіліксіздік	6,3 ± 10,4	3,1 – 9,4	45	
	Тапшылық	4,75 ± 10,8	3,04 – 6,4	158	

Жағдай тобындағы жасөспірім қыз балалардың 25(OH)D дәрумені деңгейінің әрбір дәрежесінде прогестерон гормонының деңгейі бірдей болды, бірақ көрсетілген топтар арасында салыстырмалы айырмашылық болған жоқ.


3.2 D дәрумені деңгейімен физикалық даму көрсеткіштері, гормондар жағдайы және ВАШ арасындағы корреляциялық талдау

Етеккір циклы өзгерісі кезіндегі және жыныстық жетілу кезеңіне яғни жасөспірімдік кезеңіндегі қыз балалардың антрометриялық көрсеткіштері және гормоналды жағдайы мен D дәруменінің арасындағы корреляцияны анықтау жүргізілді. Зерттеу нәтижесінде оң және теріс корреляциялық байланыстар анықталды, сонымен қатар байланыстың болмауы да орын алды.



Сурет 5 - D дәрумені мен дене салмағы арасындағы корреляциялық байланыс

Корреляциялық талдау барысында аталған екі көрсеткіш арасында байланыс анықталған жоқ ($r=0,06$) $p < 0, 05$.




Сурет 6 - D дәрумені мен бой ұзындығы арасындағы корреляция

Талдауды жалғастыра отырып, D дәрумені мен келесі физикалық көрсеткіш яғни, дене салмағы бойынша корреляциялық байланыс табылған жоқ ($r=0,01$) $p < 0,05$.


Біздің зерттеуіміздегі жасөспірім қыз балалардың дене салмағы және бой ұзындығы D дәруменімен статистикалық айқын байланыс жоқ екенін көрсетті.

Келесі талдау D дәрумені мен гормондар арасындағы корреляциялық байланысты анықтауға арналды. Соның нәтижесінде, эстрадиол гормоны мен D дәрумені арасында байланыс бағаланды.



Сурет 7 - D дәрумені мен эстрадиол гормоны арасындағы корреляция


Жалпы D дәрумені мен эстрадиол гормоны арасындағы корреляциялық байланысты анықтауда мәнді байланыс анықталған жоқ ($r=0,09$), $p < 0,05$. Мұның өзі зерттеуге алынған БД анықталған қыз балалардың қан сарысуындағы эстрадиол деңгейінің жасына тәуелді референстік шегінде анықталуымен түсіндіруге болады (сурет 8).



Сурет 8 - D дәрумені мен прогестерон гормоны арасындағы корреляция

Қан сарысуындағы 25(OH)D дәрумені мен прогестерон гормонының арасында оң әлсіз корреляциялық байланыс анықталды ($r= 0,15$), $p< 0,001$. Бұл өз кезегінде 25(OH)D дәруменінің деңгейі тапшылық немесе жеткіліксіздік деңгейінен жоғарылаған сайын, етеккір циклының фазасына сәйкес қан сарысуындағы прогестерон гормонының соғырлым көп өндірілуіне әкеледі (сурет 7).


Негізгі зерттеу нысаны БД анықталған қыз балалар арасында жағдай тобына қосу үшін, ең маңызды диагностикалық критерий болып табылатын ВАШ көрсеткішінің рөлі ерекше. Сондықтан ВАШ пен барлық көрсеткіш арасында корреляциялық байланыстың бар жоқтығын анықтау өте маңызды міндеттердің бірі. Әрі қарай коррециялық талдау нәтижесі 25(OH)D дәрумені мен ВАШ және эстрадиол мен ВАШ арасында бағалау жүргізілді.



Сурет 9 - 25(OH)D дәрумені мен ВАШ арасындағы корреляция

Корреляциялық талдау нәтижесінде 25(OH)D дәрумені деңгейімен жасөспірім қыз балалардың біріншілік дисменореяның ауырсыну белгісінің көрсеткіші болып табылатын визуалды аналогтық шкала арасында теріс күшті корреляциялық байланыс бар екенін көрсетті ($r= -0,9$), $p< 0,0001$, яғни D

дәруменінің деңгейі төмендеген сайын визуалды аналогтық шкаланың жоғарылауына, етеккір циклы кезіндегі ауырсыну синдромының күшеюімен (8 суретте) сипатталады. Бұл анықталған мәнді статистикалық корреляция нақты зерттеуіміздің негізгі көрсеткіші 25(OH)D дәруменінің маңыздылығына тағы да бір назар аудартып отыр. Осы байланыстың дәлдігі келесі логистикалық регрессионды талдау кезінде нақтыланатын болады.



Сурет 10 – Эстрадиол деңгейі мен ВАШ арасындағы корреляция

Келесі әлсіз теріс байланыс, визуалды аналогтық шкала мен эстрадиол гормонының деңгейі арасында анықталды, яғни қан сарысуындағы эстрадиол гормонының деңгейі неғұрлым төмендеген сайын, соғырлым визуалды аналогтық шкаланың жоғарылауына алып келеді $r=-0,1$, $p=0,04$. Бұл өз кезегінде эстрадиолдың етеккір циклымен байланысты екенін және ауырсыну синдромы кезіндегі ВАШ-тың маңыздылығымен сипатталады.


3.3 D дәруменінің деңгейіне байланысты VDR генінің генотиптеріне және аллелдерінің жиілігіне статистикалық талдау

D дәруменінің сипаттамалық анализі барлық жасөспірім қыз балалардың арасында VDR генінің генотиптеріне сәйкес жүргізілді.

Кесте 13 - VDR генінің генотиптеріндегі D дәруменінің деңгейі

Ген	Генотиптер	25(OH)D (нг/мл)			p
		Me	Q ₁ – Q ₃	N	
VDR	T/T	16	12 – 22	248	0,372
	T/C	16	13 – 18	137	
	C/C	15	11 – 21	25	

VDR генінің әрбір генотипіне сәйкес жүргізілген салыстыру талдау кезінде статистикалық маңызды айырмашылықтар табылмады (қолданылған әдіс: Крускал-Уоллис сынағы). Бірақ T/T генотипі кездескен қыз балалар саны C/C генотипімен салыстырғанда 9,9 есе көп болды.



Сурет 11 - жағдай және бақылау топтарындағы VDR гені генотиптерінің жиілігінің салыстырмалы анализі

* - $p < 0,0001$ T/T және T/C генотипі арасындағы екі топ бойынша статистикалық айқын айырмашылық

** - $p < 0,0001$ T/T және C/C генотиптер арасында статистикалық айқын айырмашылық
 - $p = 0,63$ екі топ арасында T/C және C/C генотиптер арасында статистикалық айырмашылықтың болмауы

Жағдай және бақылау топтарындағы жасөспірім қыз балалардың арасында VDR генінің генотиптерінің жиілігі бойынша салыстырмалы анализінде топтар арасында генотиптер бойынша айырмашылық бар екені анықталды. T/T және T/C, T/T және C/C генотиптерінің жиілігі бойынша екі топ арасында статистикалық мәнді айырмашылық табылды. Ал T/C және C/C генотиптер бойынша статистикалық айырмашылық анықталған жоқ.

Келесі жағдай және бақылау топтарындағы жасөспірім қыз балалардың арасында D дәруменінің деңгейлеріне сәйкес, VDR гені генотиптерінің жиілігі бойынша салыстырмалы талдауы жүргізілді.

Кесте 14 - Жағдай тобындағы D дәрумені деңгейлері бойынша VDR гені генотиптерінің жиілігі


Ген	Генотиптер жағдай тобында	25(OH)D деңгейі			p
		қалыпты	жеткіліксіздік	тапшылық	
VDR	T/T	3 (75,0)	30 (68,2)	73 (46,8)	0,085
	T/C	1 (25,0)	13 (29,5)	67 (42,9)	
	C/C	0 (0,0)	1 (2,3)	16 (10,3)	

Кесте 15 – Бақылау тобындағы D дәрумені деңгейлері бойынша VDR гені генотиптерінің жиілігі

ген	Генотиптер бақылау тобы	25(OH)D деңгейі			p
		қалыпты	жеткіліксіздік	тапшылық	
VDR	T/T	16 (76,2)	19 (57,6)	106 (70,7)	0,437
	T/C	5 (23,8)	13 (39,4)	38 (25,3)	
	C/C	0 (0,0)	1 (3,0)	6 (4,0)	

Жағдай тобындағы D дәруменінің тапшылық деңгейі бойынша VDR генінің T/C және C/C генотиптерінің жиірек кездесетіні анықталды. Ал T/T генотипінің D дәруменінің тапшылық деңгейіне қарағанда, қалыпты деңгейінде көбірек кездесті. Бірақ, дегенмен өзара топтар арасында салыстырмалы айырмашылық табылған жоқ.

Бақылау тобында да D дәруменінің деңгейлеріне сәйкес, VDR генінің T/T, T/C және C/C генотиптерінің жиілігі жағдай тобындағы көрсетілген мәліметпен сәйкес келеді және айқын статистикалық айырмашылық салыстыру кезінде анықталған жоқ (p= 0,437).



Сурет 12 - Екі топ арасындағы VDR гені генотиптеріндегі D дәруменінің деңгейі бойынша салыстырмалы талдауы

D дәруменінің деңгейі бойынша бақылау тобында T/T генотипі D дәруменінің, қалыпты генотипі $43,5 \pm 3,6$ нг/мл құрады, жағдай топта жасөспірім қыз балалардың D дәруменінің деңгейі $38,4 \pm 6,5$ нг/мл құрап, T/T генотипі жасөспірім қыз балалардың екі зерттеу тобы арасында статистикалық айқын айырмашылық бар екенін көрсетті ($p=0,003$).

D дәруменінің деңгейі T/C гетерозиготалы генотипі полиморфизмінің қауіпті аллелі бақылау тобында $24,2 \pm 3,1$ нг/мл құраса; жағдай тобының жасөспірім қыз балалардың D дәруменінің деңгейі $23,6 \pm 2,7$ нг/мл құрады және салыстырмалы айырмашылық мәнді болды ($p=0,01$). C/C гомозиталы полиморфизмі қауіпті аллелі жағдай тобында D дәрумені деңгейі $12,7 \pm 3,7$ нг/мл және бақылау тобында D дәрумені деңгейі $13,4 \pm 3,2$ нг/мл құрады, екі топ арасында мәнді айырмашылық анықталған жоқ ($p=0,9$).

Зерттеу барысында БД-ның ықтималдылық қаупін бағалау үшін көрсеткіштер нәтижесімен логистикалық регрессионды талдау жүргізілді. Логистикалық регрессионды талдау моделі D дәруменінің деңгейлері мен VDR гені генотиптері арасында байланыстың болуын анықтауға көмектесті. Соның нәтижесінде D дәруменінің деңгейлері мен БД арасында анық байланыс бар екені анықталды.

Кесте 16 - D дәруменінің деңгейлері мен БД арасындағы логистикалық регрессионды талдау моделі

25(OH)D				95% СИ	
	Деңгейі	p	ҚМ	Жоғарғы	Төменгі
Жетіспеушілік	22,958	0,000	10,1	2,869	35,6
Тапшылық	15,705	0,000	11,6	3,447	38,89

Логистикалық регрессионды талдау моделін жүргізу барысында тәуелсіз көрсеткіш біріншілік дисменореяның пайда болуына тәуелді 25(OH)D дәруменінің жеткіліксіз деңгейі қатынас мүмкіндігі (OR) 10,1 (95% СИ: 2,869 - 35,665), ал 25(OH)D дәруменінің тапшылық деңгейінің қатынас мүмкіндігі (OR) 11,6 (95% СИ: 3,447-38,839) логистикалық регрессионды талдау моделінің сезімталдығын біріншілік дисменорея анықталған жасөспірім қыз балалар арасында статистикалық маңызды тікелей байланыстың болуын көрсетеді. 12 есе жиірек шалдығу қаупі бар.

Кесте 17 - Логистикалық регрессия моделіндегі Нэйджелкерка мәні

1 - қадам	Log сенімділік	Кокса және Снелла R-квадраты	Нэйджелкерка R-квадраты
26,819	254,060	0,63	0,84

Осы тұжырымдағы логистикалық регрессия моделіндегі коэффициенті: жалған R^2 Нэйджелкерка мәні 0,84 -ке тең болды, біріншілік дисменореяны болжауға арналған логистикалық регрессия моделі D дәруменінің жеткілісіздігі мен тапшылығына негізделеді [182].

3.4 VDR rs731236 генінің ассоцирленген полиморфизмінің аллелдері мен генотиптерінің жиіліктерін жағдай және бақылау топтарында талдау

Жағдай және бақылау топтарындағы зерттеу нәтижелерін есептеу онлайн калькулятор көмегімен SNP үшін қолданылатын бағдарламасымен жүргізілді.

Жағдай - бақылау зерттеуіне генетикалық талдауды статистикалық тұрғыдан есептеуге және болжам ықтималдылығын растауға мүмкіндік беретін онлайн калькуляторы қолданылды. Бұл бағдарлама SNP көмегімен жағдай - бақылау зерттеуі үшін бірқатар статистикалық параметрлерді жылдам есептеу мақсатында пайдаланылды. Генетикалық тәуекелді одан әрі есептеу нәтижелері бірнеше модельдер түрінде төменде көрсетілді.

Кесте 18 - VDR rs731236 генінің аллелдері мен генотиптерінің жиіліктерін талдау

Аллель және генотиптер		жағдай	бақылау	барлығы
Аллель	T	295	338	
Аллель	C	117	70	
Генотип	T/T	107	141	248
Генотип	T/C	81	56	137
Генотип	C/C	18	7	25
	барлығы	206	204	

Генотиптеу нәтижесінде біріншілік дисменореясы анықталған жасөспірім қыз балаларда T аллелі 35,9% жиілікте кездесе (n=295), бақылау тобындағы қыз балалардың T аллелі 41,3% жиілігіне (n=338) қарағанда 1,1 есе аз кездесетіні анықталды. Келесі, C аллелі бойынша біріншілік дисменореясы анықталған жасөспірім қыз балаларда 14,3% жиілікте кездесе отырып (n=117), бақылау тобымен салыстырғанда 8,5% жиілігін көрсетті (n=70) және 1,6 есе аз кездесетіні анықталды. Дегенмен, қауіп бар C аллелі жағдай тобында көбірек кездесуі байқалды.

Әрі қарай VDR rs731236 гені генотиптерінің таралу жиілігі талдай отырып, T/T генотипі жағдай тобында 43% (n=107), бақылау тобында 57% (n=141), құрады; T/C генотипі жағдай тобында жағдай тобында 59% (n=81), ал бақылау тобында 41% (n=56) құрады; C/C гомозиготалы генотипі жағдай тобында 72% (n=18), ал бақылау тобында 28% (n=7) құрады.

Бұл модель Харди-Вайнберг тепе-теңдік шарттары жағдайлар мен бақылау топтары үшін орындалған жағдайда ғана қолданылады. Хи-квадрат статистикасы әрбір ұяшық үшін кемінде бес бақылауды қажет етеді.

Кесте 19 - Тұқым қуалаушылықтың мультипликативті моделі(хи - квадрат, df = 1)

Аллельдер	Жағдай	Бақылау	χ^2	P	СИ	
	n = 206	n = 204			Мәні	95%
Аллель T	0.716	0.828	14.71	0.0001	0.52	0.37 – 0.73
Аллель C	0.284	0.172			1.92	1.37 – 2.68

Тұқым қуалаушылықтың мультипликативті моделі Харди-Вайнберг шарттарын орындау барысында, жағдай-бақылау топтары аллельдер жиілігі арасында қолданылды. T аллелі жағдай тобында 0,716% жиілікте, ал бақылау тобында 0,828% жиілікте кездесті, қатынас мүмкіндігі (OR) 0,52 (95% СИ: 0,37-0,73). C аллелі жағдай тобында 0,284% жиілікте анықталды, ал бақылау тобында 0,172% жиілікте кездесті, қатынас мүмкіндігі (OR) 1,92 (95% СИ:

1,37-2,68), $\chi^2=14,71$. Харди-Вайнберг тепе-теңдігіне сәйкестігін талдау барысында екі топ арасында, яғни жағдай тобында бақылау тобымен салыстырғанда жиіліктері бойынша статистикалық мәнді айырмашылық ($p=0,0001$) анықталды.

Көптеген мультифакторлық өзгерістердің тұқым қуалауы үш модельмен сипатталады: мультипликативті, жалпы және аддитивтік. Олар жиі ұқсас нәтиже береді.

Кесте 20 – Жалпы тұқым қуалаушылық моделі

Генотиптер	Жағдай	бақылау	χ^2	P	KM	
	n = 206	n = 204			мәні	
T/T	0.519	0.691	14.05	0.0009	0.48	0.32 – 0.72
T/C	0.393	0.275			1.71	1.13 – 2.60
C/C	0.087	0.034			2.69	1.10 – 6.60

Кесте 21 - Тұқым қуалаушылықтың аддитивті моделі (сызықтық тренд бойынша Кохран-Армитадж тесті)

Генотиптер	Жағдай	бақылау	χ^2	P	KM	
	n = 206	n = 204			мәні	95% СИ
T/T	0.519	0.691	14.00	0.0002	0.48	0.32 – 0.72
T/C	0.393	0.275			1.71	1.13 – 2.60
C/C	0.087	0.034			2.69	1.10 – 6.60

Жалпы тұқым қуалаушылықтың моделі бойынша генотиптер жиілігі бойынша жағдай және бақылау топтары үшін қолданылды. T/T генотипі жағдай тобында 0,519% жиілікте, ал бақылау тобында 0.691% жиілікте кездесті, қатынас мүмкіндігі (OR) 0,48 (95% СИ: 0,32-0,72). T/C генотипінің жиілігі бойынша жағдай тобында 0,393% құраса, ал бақылау тобында 0,275% болды, қатынас мүмкіндігі (OR) 1,71 (95% СИ: 1,13-2,60). C/C генотипі жағдай тобында 0,087% жиілікті құрай отырып, ал бақылау тобында 0,034% жиілікте кездесті, қатынас мүмкіндігі (OR) 2,69 (95% СИ: 1,10-6,60) $\chi^2=14,05$. Харди-Вайнберг тепе-теңдігіне сәйкестігін талдау барысында екі топ арасында, яғни жағдай тобында бақылау топпен салыстырғанда генотиптер жиілігі арасында қатынас мүмкіндігі бойынша статистикалық мәнді айырмашылық ($p=0,0009$) анықталды.

3.5 Біріншілік дисменореяны диагностикалаудағы болжам моделі ретінде шешім ағашын құру

Шешім ағашы / жіктеу ағаштары (**Decision Tree / Classification Tree**) – бір тәуелді айнымалының бірнеше тәуелсіз айнымалылармен байланысын зерттеу

әдісі. Бұл жағдайда байланыс болжамдық теңдеу түрінде емес (регрессия әдісіндегідей), ағаш құрылымы түрінде жасалады. Әдісті қолданудың нәтижесі үлгіні бірнеше кіші топтарға бөлу болып табылады, олардың әрқайсысы тәуелді айнымалыға белгілі бір қатысы бар екенін көрсетеді. Шешім ағашы (decision tree) - бұл иерархиялық, дәйекті құрылымдағы деректерді ұсыну тәсілі, мұнда әр объект шешім беретін жалғыз түйінге сәйкес келеді. Ереже "егер...онда ..." түрінде ұсынылған логикалық құрылымды білдіреді. Түйін-ұл (еншілес түйін) - бөліну нәтижесінде пайда болған жаңа түйіндер. Түйін-әке (ата-ана түйіні) - бөлінген түйін. Терминал түйіндері (жапырақтары) - болашақта сынбайтын соңғы түйіндер. Парақ ең жақсы түпкілікті шешімді білдіреді. Ағаштың тереңдігі - түйіннен басқа түйіндерден пайда болатын деңгейлер саны (SPSS-те қолмен орнатуға болады).

Ағаштарды құру әдістерінің жіктелісі:

1. CHAID (Chi Squared Automatic Interaction Detection) – көп өлшемді түйіндерді бөлуге мүмкіндік береді.

2. Exhaustive CHAID (толық CHAID) – бұл санаттар тек екі санат қалғанға дейін және жалпы минималды р-мәніне жеткенге дейін әртүрлі комбинацияларда біріктірілетін CHAID түрі.

3. CRT (Classification and Regression Trees) - бір өлшемді тармақталудың барлық мүмкін нұсқаларының толық таңдауын қамтитын жіктеу ағаштарының бағдарламасы.

4. QUEST (Quick, Unbiased, Efficient Statistical Tree) - жақсартылған талдау опцияларын пайдаланатын және ол құрастыратын жіктеу ағаштарының сенімділігі мен тиімділігін арттыру үшін бірқатар жаңа құралдарды қамтитын екілік жіктеу ағаштары бағдарламасы.

Жіктеу ағаштарының ерекшеліктері: мультиномдық номиналдыға дейін барлық типтегі айнымалылармен жұмыс істеуі, ғылымның әртүрлі салаларында қолданудың кең ауқымдылығы, түсінуге және қарапайым адамдарға қол жетімді ең ыңғайлы және түсінікті графикалық интерпретация, зерттеудің басында барлау әдісі ретінде, сондай-ақ қалған әдістер оң нәтиже бермеген кезде соңғы шара ретінде қолдануы.


Факторлық белгілер: біздің зерттеуіміздегі пайдаланылған айнымалылар, мысалы: жасөспірім қыз балалардың жасы, қан анализіндегі 25(OH)D және эстрадиол деңгейі, ДСИ, VDR генінің полиморфизмі.

Шешім ағашын құру әдісі бойынша 1 номиналды, тәуелді айнымалы, ал тәуелсіз айнымалыларға 1 категориялық (VDR генінің полиморфизмі) және 4 сандық (жасы, 25(OH)D, эстрадиол, ДСИ).

Осы көрсеткіштер арасында мәнді айырмашылықпен ($p=0,000$) D дәруменінің жетіспеушілік және тапшылық деңгейі анықталған қыз балалар БД 53,7% арттырады, яғни жағдай тобына түсуіне әкеледі. Ал келесі D дәруменінің қалыпты деңгейі анықталған қыз балалар арасында жағдай тобында тек 9,4 % кездесті.

Келесі көрсеткіш жас шамасы бойынша жағдай тобына яғни БД-ның ықтималдылығы ≤ 16 жас 32,8% арттырса, ал >16 жас 65,5% -ға жоғарылауымен

көрінді ($p=0,006$). Осы анықталған құбылыс әрине етеккір циклы кезіндегі эстрадиол гормонының 214,0 – 642,0 пмоль/л түзілуімен ерекше байланысты.



Сурет 13 - Біріншілік дисменорея ықтималдылық қаупінің шешім ағашы

Біз CHAID әдісін қолдана отырып, қауіп факторларына байланысты БД ықтималдығын анықтау үшін шешім ағашы құрылды, соның нәтижесінде келесі модель алынды (сурет 12).

Алынған шешім ағашында 5 терминал түйіні байқалды, олардың сипаттамалары 22-кестеде келтірілген.

Кесте 22 - Шешім ағашының терминал түйіндерінің сипаттамасы

Түйіндер үшін пайда						
Түйіндер			Сипаттамалары		Жауап	Индекс
N	Пайызы		N	Пайызы		
15	7	1,7%	7	3,4%	100,0%	199,0%
21	4	1,0%	4	1,9%	100,0%	199,0%
17	54	13,2%	48	23,3%	88,9%	176,9%
12	29	7,1%	19	9,2%	65,5%	130,4%
6	37	9,0%	24	11,7%	64,9%	129,1%
9	88	21,5%	52	25,2%	59,1%	117,6%
14	12	2,9%	6	2,9%	50,0%	99,5%
20	2	0,5%	1	0,5%	50,0%	99,5%
16	5	1,2%	2	1,0%	40,0%	79,6%
11	119	29,0%	39	18,9%	32,8%	65,2%
22	7	1,7%	1	0,5%	14,3%	28,4%
2	32	7,8%	3	1,5%	9,4%	18,7%
19	14	3,4%	0	0,0%	0,0%	0,0%

Ескерту - Түйін нөмірі – ағаш диаграммасында түйінді табу үшін пайдаланылады
Түйін, N – бақылау бірліктерінің саны
Түйін, % – Бастапқы үлгідегі осы түйіндегі адамдардың пайызы
Пайда, N – мақсатты санатқа жататын берілген түйіндегі бақылау бірліктерінің саны
Пайда, % – Үлгідегі мақсатты санаттың жалпы көлемінен берілген түйін үшін мақсатты санаттағы бақылаулардың пайызы
Жауап – түйіндегі бақылаулардың жалпы санынан берілген түйін үшін мақсатты санаттағы бақылаулардың пайызы
Индекс – түйіндегі жауаптың жалпы үлгідегі жауапқа қатынасы. Берілген түйіндегі мақсатты мән жоғары (>100%) немесе төмен (<100%) тәуекел екенін анықтайды

Кесте 23 - Шешім ағашының терминал түйіндерінің қаупін бағалау

Қауіп			
бағалау		Стандартты кате	
0,285		0,022	
Жіктелісі			
Топтар	Болжалды		
	бақылау	Жағдай	Дұрыс пайыз
Бақылау	132	72	64,7%
Жағдай	45	161	78,2%
Жалпы пайыздық үлес	43,2%	56,8%	71,5%

Алынған модельдің сезімталдығы 78,2%, ерекшелігі – 64,7% құрады. Тәуелді айнымалының дұрыс болжанған мәндерінің жалпы пайызы - 71,5%.

Жалпы, осы зерттеуде барлық деңгейлердің максималды саны - 5, ата-ана түйініндегі бақылаулардың ең аз саны - 2 болды, еншілес түйіндегі бақылаулардың ең аз саны 1-ге тең болды. Нәтижесінде түйіндер саны – 23 құрады, соңғы түйіндер саны - 13, ал терендігі бойынша – 5 болды.

Жалпы алғанда 13 түйіннің ішінде 3 мәнді түйін біріншілік дисменореямен байланысты болды яғни 15-ші, 21-ші және 17-ші түйіндерде. 15-ші түйін бойынша алынған нәтиже D дәруменінің тапшылық деңгейі VDR генінің полиморфизмі T/C генотипінің жиілігіне байланысты БД тобына 100% шалдықтырады (p=0,018).

21-ші түйін бойынша эстрадиол деңгейінің $\leq 169,0$ болуы D дәруменінің жетіспеушілік деңгейіне байланысты БД-ның болу мүмкіндігін 100%-ға арттырады (p= 0,012). 17-ші түйінде D дәруменінің тапшылық деңгейін VDR генінің полиморфизміне ұшыраған T/C және C/C генотиптерінің жиілігіне байланысты қыз балалар арасында БД ықтималдылығын 88,9% арттырады (p=0,001).

2 ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІН ТАЛҚЫЛАУ

Жасөспірімдік кезең репродуктивті денсаулықтың дұрыс қалыптасуына аса маңызды өмірлік кезеңі болып табылады.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (ДДҰ) анықтамасы бойынша репродуктивті денсаулық – өмірдің барлық кезеңдерінде ұрпақты болу жүйесімен байланысты барлық салалардағы физикалық, психикалық және әлеуметтік салауаттылық жағдайы бойынша қарастырамыз.

Маңызды дәрумендер мен минералдардың жетіспеушілігі сияқты қоршаған ортадағы факторлары жасөспірім қыз балалардың репродуктивті денсаулығына үлкен әсер етеді. Кейбір дәрумендердің жетіспеушілігі функционалды ғана емес, сонымен қатар органикалық бұзылыстарды тудырады.

Біріншілік дисменорея - етеккір кезінде іштің төменгі бөлігіндегі ауырсынумен сипатталатын циклдік патологиялық процесс, сонымен қатар психоэмоционалды және метаболикалық-эндокриндік белгілер кешенімен бірге жүреді. Аурулардың оныншы халықаралық классификациясы (ХАК-10) дисменореяның келесі түрлерін қарастырады: N94.4 - Біріншілік дисменорея, N94.5 - Екіншілік дисменорея, N94.6 - анықталмаған дисменорея.

Негізгі ғылыми зерттеу жұмысы 2021-2023 жылдар аралығында екі бірдей гранттық қаржыландырылған ғылыми-техникалық жобалары аясында AP09563004 «Біріншілік дисменореясы бар жасөспірім қыздардағы сүйек тінінің минералды тығыздығы жағдайы мен метаболизмінің ерекшеліктері» және «Қазақ популяциясындағы біріншілік дисменореясы бар жасөспірім қыздардағы сүйек тінінің минералды тығыздығы жағдайы мен метаболизмінің ерекшеліктері» бір фрагменті ретінде орындалып, толық аяқталған жұмыс. Зерттеу дизайні бойынша Ақтөбе қаласындағы жасөспірім қыз балалар жағдай тобына, яғни біріншілік дисменореясы бар және бақылау тобына, яғни етеккір циклы кезінде ауырсынуы жоқ жасөспірім қыз балалардан құралды.

Жыныстық жетілу кезінде жасөспірім қыз балалардың функционалдық бұзылысы ретінде анықталған біріншілік дисменореямен жүргізу тактикасында, балалар мен жасөспірім гинекологтар арасында елеулі айырмашылықтар мен қайшылықтардың туындауы тек қана біздің емес, сонымен қоса әлем деңгейінде көптеген ғалымдардың жан-жақты жүргізіліп жатқан зерттеулерінен де бұл мәселенің өткір алаңдатушылық тудыратыны анық.

D дәрумені тапшылығы - ішектегі кальцийдің сіңірілуінің төмендеуі екіншілік гиперпаратиреоз дамуына және әсіресе егде жастағы адамдарда сынық қаупін жоғарылатуына әкелуімен сипатталатын жағдай. Адам ағзасына тағам және тағамдық қоспалар арқылы түсетін, сонымен қатар биологиялық күн сәулесінен теріде түзілетін D дәруменінің маңыздылығы, қазіргі таңда қоғам мәселесіне айналып отыр. Қан сарысуындағы кальцитриол деңгейі негізінен байланысты қалқанша маңы безінің бақылауында болатын бүйректегі CYP27B1 белсенділігі паратгормон, сонымен қатар теріс кері байланыспен қатаң реттеледі. Соңғы кальцитриолдың өзінің жоғары концентрациясы арқылы CYP27B1 тежеуімен жабылады және фибробласт өсу факторы 23 (FGF23).

CYP24A1 ферменті (24-гидроксилаза) 25(OH)D және 1,25(OH)₂D биологиялық белсенді емес қосылыстарға айналдырады, метаболиттер организмнен өтпен бірге шығарылады. 24-гидроксилдену процесі 1 α -гидроксилдену арқылы өзара реттеледі. Басқа, кәмелетке толмаған D дәруменінің алмасу жолдары. Мысалы, 3-эпимераза әсерінен, ішінара биологиялық белсенділігі бар метаболиттер.

258 дені сау түрік әйелдер арасында да қазақ популяциясы сияқты, түрік ғалымдарының зерттеу нәтижелері бойынша D дәруменінің тапшылығының таралуы 50,4%-ды құрайтыны анықталды. Бірақ біздің деректеріміз бойынша, D дәрумені тапшылығының жағдайы жоғарырақ болып, 92% құрады.

2018 жылы жарияланған зерттеулер D дәруменінің жетіспеушілігі ауырсынуға әсер ететінін алға тарта отырып, біздің деректеріміз бойынша да осы гипотезаға негіз бар екенін тұжырымға қойып отырмыз. Бірақ бұл гипотезаға қарама-қайшы зерттеулерде бар және ол зерттеулер нәтижесі бойынша D дәрумені деңгейі мен біріншілік дисменорея кезіндегі етеккірдің ауырсынуы арасында байланыс анықталмаған зерттеулер де жарияланып отыр. Бұл гипотезаларды D дәруменінің рецептері VDR генінің біріншілік дисменорея анықталған жасөспірім қыз балалар арасында әлем бойынша алғаш рет, жүргізілген зерттеулер ретінде біздің зерттеуіміздің нәтижесі мен қорытындысы әлем ғалымдары мен дәрігерлері арасында құнды мағлұмат болуы мүмкін.

Жағдай және бақылау топтары арасында физикалық дамуы, D дәрумені, прогестерон мен эстрадиол гормондары бойынша көрсеткіштердің жалпы сипаттамасы және салыстырмалы талдау нәтижесі көрсеткендей орташа жасы жағдай тобында бақылау тобымен салыстырғанда 0,3 жасқа үлкенірек, ал бой ұзындығы керісінше бақылау тобында 1,4см ұзынырақ және дене салмағы жағдай тобында бақылау тобына қарағанда 0,6кг артықтау болуымен ерекшеленді. Осы алынған көрсеткіштер жас шамасы, бой ұзындығы, дене салмағы және дене салмағының индексі бойынша екі топ арасында мәнді айырмашылықтың анықталмағандығы, «Жағдай – бақылау» зерттеуіне сәйкес, жұптастыру (matched case-control study) псевдорандомизация әдісімен нақты толық сәйкестендіру жүргізілгендігінің дәлелі.

Gök Soner және басқа авторлар 2022ж. жариялаған зерттеу нәтижесі бойынша, дені сау адамдармен салыстырғанда дисменорея анықталған зерттеушілерде қан сарысуындағы D дәрумені ($p < 000$) төмен болып, біздің зерттеу нәтижесінің тұжырымымен тұспа- тұс келіп отыр. Сонымен қоса, осы зерттеу барысында «Біріншілік дисменореяның зертханалық және клиникалық ерекшеліктері» жағдай және бақылау топтары арасында жас шамасы, отбасылық жағдайы, салмағы, бой ұзындығы және дене салмағының индексі сияқты демографиялық сипаттамалары бойынша айтарлықтай айырмашылық болған жоқ, мұның өзі біздің зерттеуіміздің нәтижесімен сәйкес келетінін аңғартты [183].

Карацин және басқа авторлар өз зерттеуінде бақылау тобымен салыстырғанда D дәрумені деңгейі жағдай тобындағы зерттелушілерде төмен деп тұжырым жасады [184]. Ал, біздің зерттеуімізде қан сарысуындағы D

дәрумені деңгейі Карацин және Gök S зерттеу нәтижелерімен салыстырғанда төменірек екенін және D дәруменінің тапшылық жағдайы біріншілік дисменореяға шалдығуға 11,6 жоғары екенімен ерекшеленді. Осы тұста D дәруменінің простагландин өндірісін төмендететіні туралы механизмді еске сала кетсек, анықталған D дәруменінің тапшылығы біріншілік дисменорея дамуына екі түрлі жолмен ықпал ететінін ескере отырып, біріншіден, простагландиндердің өндірілуін жоғарылату арқылы, екіншіден, кальцийдің сіңуін төмендетіп, жатыр бұлшықеттерінің шектен тыс жиырылуына әкелуімен түсіндіріледі.

Қазақстанның барлық зерттелген аймақтарындағы 25(OH)D дәруменінің орташа деңгейі анықтамалық шекті мәннен (20 нг/мл) төмен болды. Екі оңтүстік облыста – Алматы және Оңтүстік Қазақстан облыстарында 25(OH)D дәруменінің орташа деңгейі сәйкесінше 18,0 (12,00; 24,00) нг/мл және 16,0 (11,00; 22,00) нг/мл болды [185].

Біріншілік дисменореяны анықтау барысында визуалды аналогтық шкала балдық көрсеткішін анықтағанымыздай, бақылау тобында зерттелуші қыз балалар арасында ауырсынуы жоқ қыз балалар ауырсыну дәрежесін 0 – балмен белгілеген, сәйкесінше жағдай тобында 0-ден жоғары, 10-нан төмен ауырсыну дәрежесін белгілеген біріншілік дисменореясы бар қыз балалардың орташа ауырсыну дәрежесі 7 баллмен сипатталды. Дегенмен, зерттеу барысында біріншілік дисменореясы бар жағдай тобына 10 – балмен анықталған қыз балалар жоқ. Крон ауруымен ауыратын әйелдердегі дисменорея кезінде «Жағдай-бақылау» зерттеу дизайні бойынша ауырсыну көрсеткіштерінің айырмашылығы анықталды және біздің зерттеу нәтижемізбен тұспа тұс келді. Көптеген зерттеулердің нәтижесіне сүйенетін болсақ, біріншілік дисменорея және антропометриялық өлшемдер (дене салмағы, бойы, дене салмағының индексі) арасында маңызды байланыс жоқ екенін растап отыр.

Рафик және басқа ғалымдар, 18-25 жас аралығындағы қыздардың салмағы аз ($ДСИ < 18,5$) қыздарда артық салмағы бар студенттермен салыстырғанда ($ДСИ > 30$ кг/см³) біріншілік дисменореяның ауырсыну синдромы айтарлықтай жоғары екені анықталды. Бұл зерттеушілердің және біздің тұжырымыз бойынша басқа да мынадай факторларға географиялық орналасуы, жасы, тамақтану әдеттері және стрессті басқарудағы қалыптасқан әдеттер сияқты факторларға байланысты болуы мүмкін деп болжаймыз [186].

Етеккір циклының ең алғаш келген жасы менархе жасының кеш болуы қалыпты жағдай болып табылмайтындығын ескере отырып, өз қыздарымыз арасында менархе жасын анықтауға өте мән берілді. Біздің жағдайымызда екі топ арасында да жасөспірім қыз балалардың менархе жасы 11 жасқа сәйкес келді және менархе жасы 11 болған қыз балалар саны $n=109/108$ (52,9%) және менархе жасы 12 болған қыз балалар саны $n=97/96$ (47,1%) біркелкі болды, әрине мәнді айырмашылық жоқ ($p = 0,537$).

Біріншілік дисменореямен байланысты басқа қауіп факторлары қыз балалардың етеккір қалыптасу кезіндегі жасы мен менархе жасы неғұрлым кеш және өскен сайын, соғұрлым біріншілік дисменореяның пайда болу

ықтималдығы да артқаны байқалды. Ал кейбір зерттеу нәтижелері кеш менархе анықталған жасөспірім қыз балаларда біріншілік дисменорея қаупі төмендейді делінген.

Жасөспірім қыздарға жүргізілген бірнеше алдыңғы зерттеулер, сондай-ақ біріншілік дисменореяның ең жоғары таралуы жасөспірім қыз балалардың ерте және кеш жастағы етеккірдің басталуы біріншілік дисменорея синдромдарының жоғарылауымен, визуалды аналогтық шкаламен етеккірдің ауырсынуы жоғары бал болуы да байланысты екенін көрсетіп отыр [187, 188].

Дисменорея өмір сапасына теріс әсер ететіні туралы жаңа мета-анализ мәліметі салмақ артуымен біріншілік дисменорея қаупінің жоғары болатындығымен көрсетті. Келесі зерттеулер ДСИ >27,5 болған әйелдерде бақылау тобымен салыстырғанда дисменорея қаупінің айтарлықтай жоғарылайтынын анықтады.

Оған қоса, дене салмағы аз және семіздікке шалдыққан адамдарда дисменореяның жоғарылауы байқалды. Біріншілік дисменореяға және оның ДСИ қатысына қатысты алдыңғы зерттеу нәтижелері сәйкес емес. Өскелең ұрпақтың өмір сүру деңгейі мен ауруларды ерте емдеу Қазақстан Республикасындағы шешуші мақсат болып табылады [189].

Дисменореяға шалдыққан қыз балалардың АҚШ-та 200 миллиард доллар, ал Жапонияда жылына 4,2 миллион доллар экономикалық ауыртпалықтың үкіметке түскенін аңғартады [190].

Зерттеу міндеттеріне сәйкес, етеккір циклының фолликулярлы фазасында эстрадиол гормонын және лютеинды фазасында прогестерон гормондарының жағдайы қан анализінде көрсетілген шамалар қалыпты шегінде табылды, жағдай тобында эстрадиол гормонының деңгейі бақылау тобындағы медианасымен салыстырғанда 74 пмоль/л жоғары болды. Салыстыру барысында жағдай тобында төмендеп, статистикалық мәнді айырмашылықты көрсетті. Бақылау тобындағы қыз балалардың эстрадиол гормоны деңгейінің жоғары болуы, ал жағдай тобында төмен болуы біріншілік дисменореяның ауырлығына байланысты екені бағаланды.

Зерттелген қыз балалардың прогестерон гормонының қан сарысуындағы медианасы екі топ арасында айқын айырмашылықсыз және референстік мәнге ие. Соның өзінде жағдай тобындағы жасөспірім қыз балалардың қан сарысуындағы прогестерон гормонының деңгейі бақылау тобына қарағанда 0,1 нмоль/л төмен болды.

